

**БАЛАЛАРДЫ ТОЛЫҚ КҮН БОЛАТЫН ШАҒЫН ОРТАЛЫҚТАРДА
ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУ**

Бағдарлама

**Астана
2013**

БАЛАЛАРДЫ ТОЛЫҚ КҮН БОЛАТЫН ШАҒЫН ОРТАЛЫҚТАРДА
ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУ

Бағдарлама

Астана
2013

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының базасында
әзірленген*

Пікір жазғандар:

*А. Е. Жумабаева, педагогика ғылымдарының докторы
А. Ж. Салиева, педагогика ғылымдарының кандидаты
А. Смақова, Астана қ. №63 «Әсем-Ай» балабақшасының әдіскері
Г. Тусупова, Астана қ. №16 «Шағала» балабақшасының әдіскері*

Балалар толық күн болатын шағын орталықтарда балаларды тәрбиелеу мен оқыту: бағдарламасы. – Астана, 2013. – 49 б.

Осы бағдарламада балалар толық күн болатын шағын орталықтарда тәрбиелеу мен оқыту іс-әрекетін ұйымдастыру жөнінде әдістемелік ұсыныстар берілген. Педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың жалпы қағидалары, нормативтік-құқықтық базасы және ата-аналарға кеңес беру-әдістемелік қолдау көрсету формалары берілген. Балалардың ойын және еңбек іс-әрекетін ұйымдастыру үлгісі ұсынылған. Қосымшада көркем әдебиет, бейнелеу іс-әрекеті, музыка бойынша шығармалардың үлгілік тізбесі берілген.

Бағдарлама шағын орталық басшыларына, әдіскерлерге, мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілеріне және ата-аналарға арналған.

«Мектепке дейінгі балалық шақ»
республикалық орталығы, 2013

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Балалық шақ – адам өмірінің ең тамаша әрі маңызды кезеңі, бұл кезде болашақ азаматтың денсаулығы қалыптасады, өмірлік тәжірибесі жинақталады және тұлға болып қалыптасуы жүзеге асады.

Елімізде ерте жастан бастап әр балаға қоғам тарапынан білім алу құқығы кепілдендірілген, балабақшаға бару мүмкіндігі оның бір аспектісі болып табылады. Әлеуметтік әділдіктің сақталуы өте маңызды, өйткені әр бала мектепке дейінгі білім алу мүмкіндігіне ие болуы тиіс. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арналған 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Жолдауында:

«Бүкіл әлемдегі сияқты, Қазақстан мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдістеріне көшуі керек. Біз қалайтындардың барлығы үшін қашықтан оқытуды және онлайн режімінде оқытуды қоса, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізуге тиіспіз» деп атап өтті.

«Балапан» бағдарламасының мақсаты: *халықтың мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының сапалы қызметіне қажеттілігін өтеу, осы міндеттердің бірі: демографиялық жағдайды және инклюзивті білім беруді ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымдардың вариативті желісін ұлғайту* болып табылады.

Осыдан мектепке дейінгі ұйымдардың жаңа формаларын құру, атап айтсақ, - барлық балаларды мектепте оқуға дайындау және ата-аналардың күннен-күнге ұлғая түскен сұраныстарын жүзеге асыру үшін шағын орталықтар құру қажеттілігі келіп шығады.

Шағын орталықтарда толыққанды тәрбие үдерісін ұйымдастыру халық үшін мектепке дейінгі білім беру іс-әрекетін неғұрлым қолжетімді ете түседі, маңызды отбасылық мәселелерді шешуге, мектеп жасына дейінгі баланың толыққанды дамуына, Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие және оқыту стандартында белгіленген басты құзыреттіліктерді меңгеруге ықпал етеді.

Егер құзыреттілікті баланың пайда болған танымдық мәселелерін өз бетінше шешуге қажетті және қоғамдағы өмір нормалары мен ережелерін тиісінше орындауға мүмкіндік беретін даму деңгейі деп қарастыратын болсақ, осы әдістемелік мектеп жасына дейінгі әр баланың жеке мүмкіндіктеріне айқын бағдарланған деп айтуға болады.

Бағдарламада мектепке дейінгі білім беру мазмұнының алдыңғы және кейінгі жас ерекшелік сатыларымен жүйелігі және сабақтастығы, балалардың қажеттілігіне, оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыруда пайдаланылатын формалар мен тәсілдерді алуан түрлі етуге бағытталған педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың жаңа әдісі айқын қарастырылған.

Білім беру жүйесіндегі демократияландыру үдерісі, оның вариативтілігі мектепке дейінгі ұйымның отбасымен өзара әрекеттесуіне, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру үшін жағдай жасауға байланысты. Ата-

аналарды педагогтармен бірге бала тәрбиесіне саналы түрде жұмылдыру оның тиімділігін маңызды дәрежеде арттыра түседі.

Бағдарлама мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын және психикалық саулығын сақтауға, баланы толық күн болатын шағын орталық жағдайына бейімдеуге, жас ерекшелігіне және ойын жағдайлары арқылы өмірлік тәжірибе жинақтауына сәйкес, негізгі бес білім беру саласы бойынша балалардың бойында басты күзіндеттіліктерді қалыптастыру міндеттерін шешуге бағытталған.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Әдістемелік құралдың заңнамалық-нормативтік қамтамасыз етілуі

Бала құқықтарының декларациясы, ҚР Конституциясы, ҚР «Білім туралы» Заңы осы әдістемеліктің құқықтық негізін құрайды.

Мақсаты:

Алуан түрлі іс-әрекеттерді ықпалдастыру арқылы өмірлік құзыреттіліктерге ие мектепке дейінгі жас ерекшелігіндегі баланың жан-жақты дамыған тұлғасын қалыптастыру.

Тәрбиешілер мен ата-аналарға балаларды әлеуметтендіруге және білім беруші, дамытушы және тынықтырушы іс-әрекетін ұйымдастыруда көмек беру.

Міндеттері:

1. Басты құзыреттіліктерге ие тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталған Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сәйкес 3-4, 4-5, 5-6 жасар балалардың білім жүйесін қалыптастыру.

2. Баланың жеке жас ерекшелік әлеуетінің барынша толық ашылуын, оның өз құрдастары мен ересектер ұжымында әлеуметтенуін қамтамасыз ететін танымға деген қызығушылығын белсендіру.

3. Ата-аналармен әріптестік қатынасты үйлестіру және баланың толыққанды дамуын, балалардың әдістемеліктің мазмұндық бөлігін игеруін қамтамасыз ету үшін әдістемелік және кеңес беру көмегін көрсету.

Әдістемелік құралды құру мен жүзеге асыру қағидалары

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіне қойылатын жоғары талаптар қарым-қатынас жасау, ойын, іздену іс-әрекеті, ересектермен және құрдастарымен ынтымақтастық, мектепке дейінгі білім берудің вариативтілігі, көптеген білім беру әдістемеліктері мазмұнының жаңаруы негізінде білім беру мазмұнының ізгіліктігі, бірлігі мен сабасқтастығының өмірге енуіне әкелді.

Осы әдістемелік құрал келесі негіз қалайтын **қағидаларға** сәйкес құрылған:

- **тұтастықты ықпалдастыру қағидасы.** Балалардың ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің алуан түрлері ықпалдасады (**бейнелеу ұйымдастырылған іс-әрекеті**, тіл дамыту, экологиялық тәрбие, математикалық ұғым, дене шынықтыру);

- **ынтымақтастық қағидасы.** Ересектер мен балалардың арасында қарым-қатынасты нәтижелі құру үшін мектепке дейінгі ұйым мен отбасы жағдайында тәрбиелеу мен оқыту әдістерін үйлестіру, мұның өзі ата-аналардың топ өміріне неғұрлым кеңінен қатысуын және балалардың психофизиологиялық жас ерекшеліктерімен табысты танысуын қамтамасыз етеді;

- **вариативтілік қағидасы.** Бір ғана мазмұн аясындағы тапсырмалардың вариативтігі балаға шамасы келетін нәрселерді түсінуге, қызығушылықтары мен бейімділіктеріне сәйкес шығармашылығын танытуға мүмкіндік береді;

- **шығармашылық қағидасы.** Педагогты әр баланың шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін иеленуіне бағдарланады;

- **психологиялық жайлылық қағидасы.** Педагогикалық үдерістің эмоционалды жайлы жағдайын қамтамасыз ететін ерекше заттық-дамыту ортасын құру;

- **ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің бір тақырыпта болу қағидасы.** Баланың шағын орталықта болу уақыты қарапайым математикалық ұғымдарды, нәтижелі іс-әрекет дағдыларын, тіл дамытуды қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілетін әлдебір нақты тақырыпты қарастыруға арналған.

Әдістемелік құралдың құрылымы.

Әдістемелік құрал мыналардан құралады:

- түсініктеме жазба;
- «Жалпы ережелер» тарауы, мұнда келесі мәселелер қарастырылады:
- әдістемелік құралды заңнамалық-нормативтік қамтамасыз ету;
- әдістемелік құралдың мақсаты мен міндеттері;
- әдістемелік құралды құру мен жүзеге асыру қағидалары;
- балалар толық күн болатын шағын орталықтар топтарында педагогикалық үдерісті ұйымдастыру қағидалары мен ерекшеліктері;
- үш жас ерекшелік топтарындағы (3-4, 4-5 және 5-6 жасар) балалардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерінен, үлгілік оқу жоспарынан, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетке бөлінген сағат сандарын, тарауларды – балалардың ойын және еңбек іс-әрекетіндегі дамуын көрсете отырып, тараулар бойынша бес білім беру саласының мазмұндық материалының бөлінісінен құралған әдістемелік құрал мазмұндық бөлімінен тұрады;
- әдістемелік құралды игерудің жоспарланған нәтижелерінен;
- «әдістемелік құралдың мазмұндық бөлімін балалардың игеруі бойынша ата-аналармен жұмыс істеу» тарауы.

Балалар толық күн болатын шағын орталықтардағы топтарда педагогикалық үдерісті ұйымдастыру қағидалары мен ерекшеліктері

Әдістемелік құрал 3-4, 4-5 және 5-6 жасар балалардың 5 күн бойы мектепке дейінгі ұйымда толық күн болуына (10 сағат) есептелген.

Толық күн болатын шағын орталықтардағы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің ұзақтығы және жұмыс режимі ұйымдастырылған оқу іс-әрекет формаларындағы мектепке дейінгі жастағы балалардың барынша жоғары жүктелуіне қойылатын талаптарды ескере отырып ұйымдастырылады: екінші кіші топ үшін 15-20 минутты, ортаңғы топ үшін 20-25 минутты және үлкен топ үшін 25-30 минутты құрайды.

Педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру үшін, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің бір айға арналған үлгілік *«кестесі»* құрылады. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті кестесін құру кезінде педагог балалардың жас ерекшелігін және ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің баланың психикалық және тән саулығына әсерін ескеруі тиіс.

Апта мен ай шеңберінде білім берудің бес саласын дұрыс реттестіру мен ықпалдастыру ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін бөлу кезіндегі өте маңызды кезең болып табылады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесін құру кезінде педагог келесі қағидаларға сүйенуі тиіс:

- ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті бес білім беру саласының аясында жүзеге асырылуы тиіс;

- әрбір күн алдыңғы күннен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің сипаты мен формасына қарай ерекшеленіп тұруы тиіс;

- дүйсенбі мен жұма жұмыс аптасына жайлы «кіру» мен одан жайлы «шығуды» қамтамасыз ететіндей жеңіл болуы тиіс;

- жоғары зияткерлік және дене жүктемесіне ие ойын және ұйымдастырылған оқу іс-әрекет саны баланың жас ерекшелігіне қарай аптасына екі-үшеуден аспауы тиіс;

- балалардың жас ерекшелік мүмкіндіктеріне қарай, ұйымдастырылған оқу іс-әрекет жалпы көлемі мен ұзақтығын сақтау керек.

Жұмыстық оқу жоспары жыл бойы бес білім беру саласында ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің санын қарастырады және ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің үлгілік бөлінуімен салыстырылады.

Үлгілік перспективалық жоспарлар жүйелі жоспарлау мәселесін шешуге көмектеседі, ұйымдастырылған оқу іс-әрекет пішіндері мен мазмұнын іріктеу діңгегі болып табылады.

Циклограмма дегеніміз үлгілік күн тәртібі (режімі) және ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін (кесте) үлгілік бөлу негізінде бес білім беру саласының ықпалдасуы тұрғысынан апта аясындағы балалар іс-әрекетінің тиімді бөлінуін қарастыратын өзіндік бір матрица болып табылады.

Технологиялық карта – бұл кезеңдерді, тәрбиешінің басқару іс-әрекеттерінің және тәрбие мен оқыту барысында нәтижеге қол жеткізуіне ықпал ететін балалардың іс-әрекетін қайта жаңғыртудың жоғары дәрежесіне ие ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің алгоритмі. Технологиялық карталар педагогикалық үдерістің технологиялануын қамтамасыз етеді, күтілетін нәтиже тұрғысынан педагогқа ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің мақсатын анықтауға мүмкіндік береді, іс-әрекет кезеңдерін қарастырады.

3 ЖАСТАН БАСТАП 4 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ОҚУ ЖОСПАРЫ

Балалардың жас ерекшелігінің сипаттамасы

Сюжетті-рөлдік ойын баланың жалпы психикалық, интеллектуалды және тұлғалық дамуына неғұрлым қолайлы жағдай жасайтын жетекші іс-әрекетке айналады. Осы кезеңде бала тілге, оның дыбыстық және мағыналық жағына деген жоғары сезімталдыққа ие болады, шағын таныс әңгімелер айтады, танымдық қызығушылықтарын көрсетеді, құрдастарымен белсенді ойнайды.

Осы жаста балалардың бойында фонематикалық естуі, түсті ажыратуы, көз өткірлігі, зат пішіндерін қабылдауы, жетіле түседі, балалар көру және сөзбен қабылдау негізінде заттармен танысуға кіріседі, заттың бір немесе одан көп белгілерін атап көрсетеді.

Баланың жады еріксіз сипатқа ие болғандықтан, материал оның қосылған іс-әрекетіне қарай есте сақталады. Осы жастағы бала қиял мен шындық өмірді қиындықпен ажыратады, бала айналадағы барлық заттар өзі сияқты ойлай алады деп болжайды.

Мектепке дейінгі кіші жаста баланың бойында кеңістік, уақыт, сан, туралы қарапайым түсініктер, табиғат құбылыстары және оның салдарлары арасындағы қарапайым байланыстар туралы, барлық тіршілік иелерінің өзара байланысы туралы қарапайым түсініктер қалыптаса бастайды.

Осы кезеңде балалар қарапайым жалпылама операцияларды меңгереді (жинақтау, мыжу, жырту, құрастыру, қорытынды жасау және т.б.).

Бала кейбір тұрмыстық заттарды, ойыншықтарды, орын ауыстыратын заттар мен сөз таңбаларды тұрмыста, ойында және қарым-қатынаста атқаратын іс-әрекетіне қарай пайдаланады; тәжірибелік іс-әрекетінде заттардың қасиеттерін (түсі, пішіні, көлемі, фактурасы, құрылысы) және олардың атқаратын іс-әрекетін ескереді, көп әрі белсенді түрде эксперимент жасайды, бақылайды. Осы жастағы балалар көркем мәтінді эмоционалды және тұтас тұрғыдан қабылдайды. Оның түсінігі сөйлеуден ғана емес, сонымен қатар заттық және ойын қимылдарынан білінеді.

Бала үшін бейнелеу іс-әрекеті дегеніміз – бұл өзі жасаған бейне. Осы бейнелер тікелей қабылданған, аңғал, ашық-жарқын бейне болып келеді, фольклорлық бейнелерді еске түсіреді.

Мүсіндеу, жапсыру, сурет салу үдерісі – бұл «бейнеге» кіру кезеңі, мұнда жағынды, сызықтар мен пішіндер баланың алдында жандана түседі. Сызық, пішін, түсті дақтар, жағындыларды пайдалана отырып, балалар күрделі емес сюжетті бере алады.

Осы кезеңде көпшілік балаларға музыкаға деген эмоционалды үн қатудың жоғары деңгейі тән болып келеді, мұның өзі осы мәселені музыкалық іс-әрекетпен аса қолайлы ете түседі.

Кіші жаста моторлық функциялар қарқынды дамиды. Балалардың қимыл белсенділігі дербес іс-әрекеттердің жеткілікті шамадағы жоғары болу деңгейімен сипатталады.

Үш жасынан бастап қызығушылығы айқын әрі байыпты пайда болады, осы кезеңде бала өзін жеке бір адам ретінде сезіне бастайды.

3 жастан бастап 4 жасқа дейінгі II кіші топқа арналған үлгілік оқу жоспары

«Денсаулық» - 2 сағат	
дене шынықтыру валеология негіздерімен	2 сағат
«Қатынас» - 2 сағат	
тіл дамыту	1 сағат
көркем әдебиет	0,5 сағат
орыс тілі	0,5 сағат
«Таным»- 2 сағат	
қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру	0,5 сағат
құрастыру	1 сағат
қоршаған ортамен таныстыру және экология негіздері	0, 5 сағат
«Шығармашылық» - 4 сағат	
сурет салу	1 сағат
мүсіндеу	0,5 сағат
жапсыру	0,5 сағат
музыка	2 сағат
«Әлеуметтік орта» - 1 сағат	
қоршаған ортамен таныстыру және экология	0,5 сағат
көркем әдебиет	0, 5 сағат
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жалпы көлемі	аптасына 11 сағат, 36 оқу аптасы
Вариативтік компонент	1 сағат

«ДЕНСАУЛЫҚ» білім беру саласы (72 сағ)

Мақсаты: денсаулық сақтау құзыреттілігін қалыптастыру, өз денсаулығын дұрыс күтуге тәрбиелеу, қимыл белсенділігін арттыру және дене сапаларын қалыптастыру.

«Денсаулық» білім беру саласының мазмұны ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде жүзеге асырылады:

- **дене шынықтыру валеология негіздерімен, 72 сағ.** («Дене шынықтыру» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: негізгі қимыл түрлерін дамыту жаттығулары (жүру; жүгіру; секіру; лақтыру, тастау, ұстау, баурылап жүру мен өрмелеу; тепе-теңдік; құру және қайта құру; музыкалық-ырғақты қимылдар); жалпылама дамытатын жаттығулар (қол мен иыққа; аяққа; кеудеге арналған жаттығулар); спорт жаттығулары (шанада сырғанау; сырғу; шаңғы тебу (басып жүретін және сырғитын қадам); велосипед тебу (үш доңғалақты); жүзуге дайындық (суға бату, ойнау); қимыл-қозғалыс ойындары (жүгіріп ойнау; секіріп ойнау; бауырлап жүріп және өрмелеп ойнау; лақтырып ойнау, тастау және ұстап алып ойнау; кеңістікте бағдарланып ойнау).

Валеологиялық материал жазғы кезеңін қоса алғанда, балалардың іс-әрекетінің түрлі режимдік кезеңдерінде, сондай-ақ «Қоршаған ортамен

таныстырудың» басқа тақырыптарымен де ықпалдастырылып, бес білім саласында қарастырылады.

Валеологиядан білім мазмұнын игеру нәтижесінде, жыл соңында балалар мыналарды *меңгеруі тиіс*: адам денесінің құрылысы туралы әңгімелеу; денсаулықты нығайтудың кейбір шаралары туралы түсінікке ие болу (шынығу, күн тәртібін сақтау, гигиеналық процедураларды сақтау); сауықтыру іс-әрекетіне қатысу; эмоционалдық және физикалық күйі туралы әңгімелеу; киіну мен шешіну реттілігін білу; балабақша алаңында бағдарлана білу; негізгі тамақ өнімдерін атау; жануарларды сипағанда, сақтық шараларын сақтау.

«ҚАТЫНАС» білім беру саласы (72 сағ)

Мақсаты: ана тілін және мемлекеттік тілді үйренуге дайын, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауға дайын, мектепке дейінгі кіші жастағы бала тұлғасын қалыптастыру, қарым-қатынас құралы ретінде халық тіліне, тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсетуге тәрбиелеу.

Екінші кіші топтағы «Қатынас» білім беру саласының мазмұны ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде жүзеге асырылады:

- **тіл дамыту, 36 сағ.** («Тіл дамыту» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: тілдің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеу; сөздікпен жұмыс істеу; сөздің грамматикалық жағын қалыптастыру; байланыстырып сөйлеу; шығармашылық тілдік қызмет). «Тіл дамыту» тарауының мазмұны ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті барысында ғана емес, сондай-ақ күні бойы алуан түрлі балалар іс-әрекетінде жүзеге асуы тиіс.

- **көркем әдебиет, 18 сағ.** («Көркем әдебиет» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: оқу мен әңгімелеуге арналған шығармалар; жаттауға арналған шығармалар; сахналандыруға арналған шығармалар);

- **орыс тілі, 18 сағ.** (тараудың мазмұнына келесі бағыттар кіреді: тілдің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеу; сөздікпен жұмыс істеу; сөздің грамматикалық жағын қалыптастыру; байланыстырып сөйлеуді дамыту).

Тіл дамыту әдістемелігінің мазмұнын игеру нәтижесінде, жыл соңында балалар мыналарды *меңгеруі тиіс*:

- сөздерде *а, у, и, о, э* дауыстылары мен кейбір *п-б, т-д, к-г, н-ң, с-з-ш* дауыссыздарын анық етіп айту);

- сөздерді жекеше-көпше түрде, септік жалғауларымен үйлестіру;

- анықтауыш, толықтауыш пен пысықтауыштарды енгізу арқылы жай сөйлемдерден күрделі сөйлемдер құрастыру;

- сұрақтарға жауап беру;

- тәрбиешінің үлгісі бойынша ойыншықтар туралы және сурет бойынша әңгімені қайталау;

- таныс әдеби туындылар мен ертегілерден алынған үзінділерді сахналандыруға қатысу;

- шағын тақпақтар мен өлеңдерді жатқа оқу.

Көркем әдебиет мазмұнын игеру нәтижесінде, жыл соңында балалар мыналарды *меңгеруі тиіс*:

- тәрбиеленушінің сұрақтары көмегімен көркем шығарманың мазмұнын әңгімелеу;

- шағын тақпақтар мен өлеңдерді жатқа оқу;
- көркем әдебиет туындыларының мазмұны бойынша сұқбатқа қатысу;
- тәрбиешінің көмегімен таныс ертегілерді сахналандыру.

Орыс тілінің мазмұнын игеру нәтижесінде, жыл соңында балалар мыналарды меңгеруі тиіс:

- жақын айналасындағы кейбір заттарды атау;
- іс-әрекеттерді түсіну мен орындау: ал, бер, әкел;
- жай сөйлемдер құрастыру: «Мынау – доп», «Мынау – менің анам, әкем», «Менің атым Айдос, Айгүл»;
- ересектердің үлгісімен ойыншық, жемістер, жақын айналадағы заттардың қысқаша сипаттамасын қайталау (2 сөйлемнен);
- қысқа тақпақтар мен әндерді жатқа білу.

«ТАНЫМ» білім беру саласы (72 сағ)

Мақсаты: танымдық іс-әрекеттің қарапайым дағдыларын игерген, әлемнің қарапайым бейнесін түсіне алатын және алған білімін тәжірибелік міндеттерді шешу үшін пайдалана білетін мектепке дейінгі кіші жастағы баланың тұлғасын қалыптастыру.

«Таным» білім беру саласының мазмұны келесі ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде жүзеге асырылады:

- **қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру, 18 сағ.** («Қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: сан мен есеп; шама; геометриялық пішіндер; кеңістікте бағдарлану; уақытқа бағдарлану);

- **құрастыру, 36 сағ.** («Құрастыру» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: құрылыс материалдарынан құрастыру; қағаздан құрастыру);

- **қоршаған ортамен таныстыру және экология негіздері, 18 сағ.** («Таным» білім беру саласындағы «Қоршаған ортамен таныстыру» және «Экология негіздері» блогының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: өлі табиғат заттары мен құбылыстары; заттық әлемді меңгеру, кеңістікте бағдарлану; табиғаттағы маусымдық өзгерістер; өсімдіктер әлемі; жануарлар әлемі; табиғаттағы мінез-құлық ережелері; өзінді тану; қорек).

Қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру бойынша білім мазмұнын игеру нәтижесінде, жыл соңында балалар мыналарды меңгеруі тиіс:

- қоршаған орта жағдайында көптеген және бір затты таба білу;
- қондыру және салу тәсілдерін пайдалана отырып, заттардың тобын салыстыру, салыстыру нәтижесінде қай заттың үлкен, кіші және тең екенін сөзбен белгілеу;
- көлеміне қарай 2 затты салыстыру, заттардың қайсысы үлкен (кіші), ұзын (қысқа), биік (төмен) екенін сөзбен белгілеу;
- шеңбер, шаршы, үшбұрышты тану және атау;
- үстіңгі, астыңғы солға, оңға сөздерін түсіне білу;

- тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін анықтау: таңертең - кеш, күн - түн.

Құрастыру бойынша білім мазмұнын игеру нәтижесінде, жыл соңында балалар мыналарды *меңгеруі тиіс*:

- құрылыс материалының негізгі бөлшектерін білу мен атын атау;
- кірпіштерді, пластиндерді тік және көлденең орналастыру;
- бір бөлшекті екінші бөлшектің үстіне қойып, құрылысты өзгерту;
- құрылыстарды көлеміне қарай ажырата білу;
- қағаз парақтарын өзгерту: мыжу, жырту, бұрау, жұлу.

«Қоршаған ортамен таныстыру» және «Экология негіздері» бойынша білім мазмұнын игеру нәтижесінде, жыл соңында балалар мыналарды *меңгеруі тиіс*:

- кемінде екі ағашты, бөлме өсімдіктерін тану мен атын атау;
- үй жануарларын тану (ит, мысық, түйе, сиыр);
- жабайы жануарларды тану (қасқыр, аю, қоян, түлкі);
- ағаштың діңгегін, жапырағын, бұтағын; гүлдің жапырағын, гүлін таба білу;
- көкөністерді түсі, дәмі, көлемі мен пішініне қарай ажырата білу (сәбіз, қияр, қызанақ);
- жемістерді түсі, дәмі, көлемі мен пішініне қарай ажырата білу (алма, алмұрт, апельсин);
- табиғат пен ауа райындағы қарапайым өзгерістерді байқау;
- жақын айналадағы заттарды, ажырата білу және атау, олардың көлемін, түсін, пішінін, бөлшектері мен бөлімдерін білу;
- жалпылама сөздерді түсіну (ойыншық, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз);
- табиғат аясында өзін-өзі ұстай білудің негізгі ережелерін білу: жапырақты жұлмау, ағаш бұтақтарын сындырмау, жануарларға зәбір көрсетпеу және т.б.;
- адам денесінің құрылысы туралы әңгімелеу;
- өзінің эмоционалды және денсаулығының күйі туралы әңгімелеу;
- сауықтыру іс-әрекетіне қатысу;
- эксперимент жасай білу (*Қардың суға айналуы; құм және қармен ойнау; сумен ойнау, су және сабын көбігімен ойнау; қағазбен ойнау, көлеңкемен ойнау*).

«ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ» білім беру саласы (144 сағ)

Мақсаты: Қазақстан және басқа елдердің өнер шеберлерінің туындыларына эмоционалды үн қата білетін, нәтижелі бейнелеу іс-әрекеті саласында қарапайым дағдыларға ие мектепке дейінгі кіші жастағы бала тұлғасын дамыту.

«Шығармашылық» білім беру саласының мазмұны ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде жүзеге асырылады:

- **сурет салу, 36 сағ.** («Сурет салу» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: заттың суретін салу; сәнді сурет салу; сюжеттік сурет салу; түпкі ойы бойынша сурет салу (3 және 4 тоқсанда);

- **мүсіндеу, 18 сағ.** («Мүсіндеу» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: затты мүсіндеу; сәнді мүсіндеу; сюжеттік мүсіндеу; түпкі ойы бойынша мүсіндеу);

- **жапсыру, 18 сағ.** («Жапсыру» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: сюжеттік жапсыру; сәнді жапсыру; түпкі ойы бойынша жапсыру);

- **музыка, 72 сағ.** («Музыка» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: музыка тыңдау; ән салу; музыкалық-ырғақты қимылдар).

(**Балаларды өнермен таныстыру** материалына сурет салу, жапсыру, мүсіндеу бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті кіреді және педагог пен баланың біріккен еркін іс-әрекетінде пайдаланылады).

Сурет салу бойынша білім мазмұнын игеру нәтижесінде, жыл соңында балалар мыналарды меңгеруі тиіс:

- негізгі түстерді білу және атау: қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ;
- қарындашпен, бояу жаққыш, бояумен жұмысі істей білу;
- бейнеленетін затты парактың ортасына орналастыра білу;
- тік, дөңгелек, еңіс, ұзын, қысқа, қиылысатын сызықтарды пайдалана отырып, қарапайым заттар мен құбылыстарды бейнелеу.

Мүсіндеу бойынша білім мазмұнын игеру нәтижесінде, жыл соңында балалар мыналарды меңгеруі тиіс:

- жұмырлау, біріктіру, жаныштау, пішін шеттерін саусақ ұштарымен созу тәсілдерін пайдалана отырып, 1 - 3 бөлімнен тұратын заттарды жасау;
- мүсінделген заттарды безендіре білу;
- ұжым болып жұмыс істей білу және жалпы композицияларды құрастыру.

Жапсыру бойынша білім мазмұнын игеру нәтижесінде, жыл соңында балалар мыналарды меңгеруі тиіс:

- қағаз парағында дайын үлгілерден заттардың бейнесін құрастырып, оларды желімдеу;
- желімді пайдалану; күрделі емес ою-өрнекті біртегіс орналастыру.

Музыка бойынша білім мазмұнын игеру нәтижесінде, жыл соңында балалар мыналарды меңгеруі тиіс:

- музыкалық және шулы ойыншықтарды, балалардың музыкалық аспаптарын тану мен атау (сылдырмақ, қоңырау, барабан және металлофон, саз сырнай, дабыл, аса таяқ); музыкалық туындыны соңына дейін тыңдау;
- таныс әндерді тану; бір-бірінен қалып қоймай және озып кетпей ән салу;
- би қимылдарын орындау (қол соғу, аяқпен тепкілеу, отырып тұру, айналу).

«ӘЛЕУМЕТТІК ОРТА» білім беру саласы (36сағ)

Мақсаты: айнала қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға және өзара әрекеттесуге дайын мектепке дейінгі кіші жастағы баланың әлеуметтік құзіреттілігін қалыптастыру.

«Әлеуметтік орта» білім беру саласының мазмұны ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде және педагог пен балалардың біріккен еркін іс-әрекетінде жүзеге асырылады:

- **қоршаған ортамен таныстыру және экология, 18 сағ.** («Қоршаған ортамен таныстыру» және «Экология» блогының мазмұнына келесі бағыттар

кіреді: бала, оның отбасы, үй; көлік, байланыс құралдары; жол қозғалысының ережелері; ересектердің еңбегі; Қазақстан – менің Отаным; ересектермен және құрдастарымен өзара әрекеттесу; адамгершілік нормалары туралы түсінік; мінез-құлық мәдениетінің дағдылары; мәдени-гигиеналық дағдылар; өзіңе және басқаларға көмектес);

- **көркем әдебиет, 18 сағ** («Көркем әдебиет» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: адам қатынастарының әлемі; эмоциялар әлемі).

«Әлеуметтік орта» білім беру саласындағы **«Қоршаған ортамен таныстыру» және «Экология»** блогының мазмұнын игеру нәтижесінде, жыл соңында балалар мыналарды *меңгеруі тиіс*:

- үй туралы, отбасы туралы түсінікке ие болу, отбасы мүшелерін қалай атауды және міндеттер қалай бөлінгені білу;

- көлік құралдарын тану мен атау (автобус, машина, ұшақ, пароход);

- бағдарламның жасыл және қызыл сигналдарын түсіне білу;

- жол қозғалысының ережелері туралы түсінікке ие болу;

- жақын айналасындағы адамдардың еңбегі туралы қарапайым түсінікке ие болу;

- өз Отаны – Қазақстан туралы білу, Қазақстанның туын тани білу;

- армия, ел қорғандары туралы түсінікке ие болу;

- ересектермен және құрдастарымен өзара оң әрекеттесе білу, ізгі ниетті және ілтипатты болу;

- адамгершілік мінез-құлық нормалары туралы түсінікке ие болу: «жақсы» деген не, «жаман» деген не?;

- мінез-құлық мәдениетінің қарапайым дағдыларын иелену;

- мәдени-гигиеналық дағдыларды меңгеруде өз бетінше әрекет ету;

- денсаулық пен өз өмірін қалай сақтап қалу туралы түсінікке ие болу және басқаларға көмектесу.

«Әлеуметтік орта» білім беру саласының мазмұнын игеру нәтижесінде, жыл соңында балалар мыналарды *меңгеруі тиіс*:

- қоғамдық орындарда өзін сабырлы ұстау, қатар ойнау және шұғылдану, бір-біріне кедергі жасамау;

- басқа адамға қамқорлық көрсету;

- өсімдіктер мен жануарлар күтіміне қолдан келгенше қатысу;

- ертегі, әңгіме, өлең тыңдау, мінез-құлықтың дамуын қадағалау;

- мінез-құлық мәдениеті дағдыларын таныта білу: сәлемдесу, қоштасу, кешірім сұрау, өз көмегін ұсыну;

- әдеби кейіпкердің мінез-құлқына деген өз қатынасын әңгімелеу, жағымды және жағымсыз қасиеттер көрінісі тұрғысынан баға беру.

Баланы ойын іс-әрекетінде дамыту

Мақсаты: белсенді тұлғаны қалыптастыру, балалардың алғашқы ойын бірлестіктерінің тәжірибесін жинақтау, басқа балалармен қатар және олармен бірге ойнай білуін дамыту.

«Баланы ойын іс-әрекетінде дамыту» тарауының мазмұнына мыналар кіреді: сюжеттік-рөлдік ойындар; қимыл-қозғалыс ойындары; дидактикалық ойындар.

Баланы ойын іс-әрекетінде дамыту бойынша материалды игеру нәтижесінде, жыл соңында балалар мыналарды *меңгеруі тиіс*:

- сюжеттік-рөлдік ойында күрделі емес сюжетті ойластыру, рөлді таңдау, құрдастарымен бірге оны біріккен ойында орындау, ойында бірнеше өзара байланысты іс-әрекеттерді орындау;

- ойында табиғи және құрылыс материалдарын пайдалану;

- қимыл-қозғалыс ойындарында қимылды үйлестіру, кеңістікте бағдарлану;

- қарапайым ережелерді, ойын іс-әрекеттерін орындау: тәрбиешінің белгі беруі арқылы іс-әрекетті бір мезгілде бастау және аяқтау, кезектесіп әрекет жасау.

Баланы еңбек іс-әрекетінде дамыту

Мақсаты: мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды еңбек іс-әрекетіне, еңбекке қызығушылығын тәрбиелеуге, еңбектенуге ниет білдіруге баулу.

«Баланы еңбек іс-әрекетінде дамыту» тарауының мазмұнына мыналар кіреді: өзіне-өзі іс-әрекет көрсету; шаруашылық-тұрмыстық еңбек; табиғат бұрышында еңбек ету; табиғатта еңбек ету).

Баланы еңбек іс-әрекетінде дамыту нәтижесінде жыл соңында балалар мыналардың *меңгеруі тиіс*:

- өзіне-өзі іс-әрекет көрсетудің қарапайым дағдыларын иелену;

- бөлме мен учаскеде тәртіп пен тазалық сақтау, тәртіп сақтау бойынша ересек адамның қарапайым тапсырмаларын орындау;

- еңбек іс-әрекетіне қатысуға ниет білдіру.

4 ЖАСТАН БАСТАП 5 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ОҚУ ЖОСПАРЫ

Балалардың жас ерекшеліктерінің сипаттамасы

Балалар осы жаста заттар мен құбылыстар арасындағы байланысты түсінуін айқындау мен көрсету мақсатында, ересектерге көп сұрақ қояды. Құрдастарымен қарым-қатынас жасау қажеттілігі бірден арта түседі, бала құрдастарының арасындағы өз орнын сезіне бастайды, беймазалық пен ығыр етуді теріс бағалай алады.

Сұхбаттасының эмоционалды күйін сезіну қабілеті, коммуникативтік икемділіктер дамиды – балалар сыпайы сәлемдесе алады және қоштаса алады, басқа адамды аты-жөнімен атай алады. Атап айтсақ, қарым-қатынаста «Мен» бейнесі қалыптасады.

Бала өзі жасаған іс-әрекетті басқа адам мен өзі үшін физикалық және эмоционалды күй салдарлары тұрғысынан бағалай алады. Оған пайымдаудың мәні түсінікті бола бастайды. Баланың бойында қызығушылықтар мен құндылықты бағдарлар, белгілі бір іс-әрекет түрлерін, қыздар мен ұлдарға тән іс-әрекет тәсілдерін ұнатуы жинақталады (мысалы, «қыздар қуыршақпен, ал балалар машинамен ойнайды және т.б.).

Көркем туындыны қабылдауы, музыкаға үн қатуы арта түседі, қиялы, білімге құмарлығы жүзеге асады, мұның өзі қызығушылықтар мен қабілеттерді айқындау үшін қолайлы негіз болып табылады.

Бес жасқа қарай өзара қатынастар жүйесі қалыптасады, топтық ынтымақтастыққа деген неғұрлым сыни баға жинақталады, баланың достары пайда болады.

Бес жасар бала ұзақ әңгімелерді, түсіндірулерді қабылдайды, өйткені оның бойында таңбалық-символдық функция (әріптерге, цифрларға қызығушылық) мен неғұрлым тұрақты зейін пайда болады, ерікті есте сақтау қабілеті туындайды, қабылдауы мен елесі жетіледі, көрнекі-образдық ойлаудың жоғары формалары дамиды: пайымдай білу, ой қорытындысын жасау, саралау қабілеті жетіледі. Сөйлеудің мәні алуан түрлі ақпаратты, ойлар мен пайымдарды тарату тәсілі ретінде ұлғая түседі. Әңгіме тәжірибелік бақылау және эксперимент жасаумен қатар тиімді тәсілге айналады.

Бес жасқа қарай «тұлғаның психологиялық портреті» жинақталады, «мұнда маңызды рөл құзыреттілікке, әсіресе, зияткерлік құзыреттілікке беріледі, өйткені бұл жас «бұл не?» деп сұрай беретін жас болып табылады. Мүлдем жаңа қабілет пайда болады: ойдан шығарылған кейіпкерлер үшін күйзелу, яғни балаларға басқа адамның ішкі өмірі қолжетімді бола бастайды.

4 жастан бастап 5 жасқа дейінгі ортаңғы топқа арналған үлгілік оқу жоспары

«Денсаулық» - 2 сағат	
қауіпсіз мінез-құлық негіздері және дене шынықтыру валеология негіздерімен	2 сағат
«Қатынас» - 2 сағат	
тіл дамыту	1 сағат
көркем әдебиет	0,5 сағат
орыс тілі	0,5 сағат
«Таным»- 3 сағат	
қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру	1 сағат
құрастыру	1 сағат
қоршаған ортамен таныстыру және экология негіздері	1 сағат
«Шығармашылық» - 4 сағат	
сурет салу	1 сағат
мүсіндеу	0,5 сағат
жапсыру	0,5 сағат
музыка	2 сағат
«Әлеуметтік орта» - 1 сағат	
қоршаған ортамен таныстыру және экология	0,5 сағат
көркем әдебиет	0,5 сағат
Мектепке жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жалпы көлемі	12 апталық сағат, 36 оқу аптасы
Вариативті компонент	2 сағат

«ДЕНСАУЛЫҚ» білім беру саласы (72сағ)

Мақсаты: баланың денсаулық сақтау негіздерін, жеке гигиена дағдылары мен қимыл дағдыларын меңгеруіне, тіршілік қауіпсіздігі ережелерін сақтауға және өз денсаулығын күтуге мүмкіндік беретін денсаулық сақтау құзыреттіліктерін қалыптастыру.

«Денсаулық» білім саласының мазмұны ортаңғы топтағы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде жүзеге асырылады:

- **дене шынықтыру, 72 сағ.** («Дене шынықтыру» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді:

- негізгі қимыл түрлерін дамыту жаттығулары (жүру; жүгіру; секіру; лақтыру, тастау, ұстау; бауырлап жүру мен өрмелеу; тепе-теңдік; құру және қайта құру; музыкалық-ырғақ қимылдары);

- жалпылама дамытатын жаттығулар (қол мен иыққа; аяққа; кеудеге арналған жаттығулар);

- спорт жаттығулары (шанамен сырғанау; сырғу (өз бетінше); шаңғы тебу (басып жүру, жанымен жүру); велосипед немесе өзі сырғанайтын құрылғыда (самокат) сырғанау; жүзуге дайындық) тебу;

- спорт ойындарының элементтері (кеглиді құлату, футбол, хоккей);

- қимыл-қозғалыс ойындары (жүгіріп ойнау; секіріп ойнау; жер бауырлап немесе өрмелеп ойнау; лақтырып ойнау, тастап ойнау және ұстап ойнау; кеңістікте бағдарлана білуге ойнау, эстафеталық ойындар; суда ойнау).

Қауіпсіз мінез-құлық негіздері және валеологиялық тәрбие балалардың өз бетінше қозғалыс іс-әрекеті, сауықтыру-шынықтыру, салауатты өмір сүру салты дағдыларын қалыптастыру, сауықтыру-шынықтыру процедураларын дамыту арқылы бір жыл бойы мектепке дейінгі ұйым іс-әрекетінің барлық режимдік кезеңдерінде, сондай-ақ «Қоршаған ортамен таныстырудағы» басқа тақырыптармен ықпалдасуынан және білім берудің бес саласында жүзеге асырылады.

Валеология бойынша білім мазмұнын игеру нәтижесінде жыл соңында балалар мыналарды *меңгеруі тиіс*:

- гигиеналық процедуралар өткізу (шашын тарау, қол орамалды пайдалану, жуынғанда жеңдерін өз бетінше түру, беті мен қолын сабындап жуу және оларды құрғата сүрту, тістерін тіс шөткесімен тазалау, киімді суламау, сүлгіні белгіленген орынға ілу); белгілі бір реттілікте киіну мен шешіну; негізгі тамақ өнімдерін атау;

- денсаулықты нығайтудың кейбір шаралары туралы түсінікке ие болу (шынығу, күн тәртібін сақтау, гигиеналық процедураларды сақтау);

-жануарларды ұстап көргенде, сақтық шараларын сақтау; балабақшаның, өз үйінің айналасында бағдарлана білу.

«ҚАТЫНАС» білім беру саласы (72сағ)

Мақсаты: ана тілін және орыс тілін үйренуге, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін коммуникативті-тілдік құзіреттілікке ие мектепке дейінгі тұлғаны қалыптастыру.

«Қатынас» білім беру саласының мазмұны ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде жүзеге асырылады:

- **тіл дамыту, 36 сағ.** («Тіл дамыту» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: тілдің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеу; сөздікпен жұмыс істеу; тілдің грамматикалық жағын қалыптастыру; байланыстырып сөйлеу; шығармашылық тілдік қызмет);

- **көркем әдебиет, 18 сағ.** («Көркем әдебиет» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: оқу мен әңгімелеуге арналған шығармалар; жаттауға арналған шығармалар; әңгімелеп беру және сахналандыруға арналған шығармалар);

- **орыс тілі, 18 сағ.** (тараудың мазмұнына келесі бағыттар кіреді: тілдің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеу; сөздікпен жұмыс істеу; тілдің грамматикалық жағын қалыптастыру; байланыстырып сөйлеуді дамыту).

Тіл дамыту бойынша білім мазмұнын игеру нәтижесінде жыл соңында балалар мыналарды *меңгеруі тиіс*:

- барлық дауысты, дауыссыз; қатаң, ұяң үнді дыбыстарды айту; «р», «л» дыбыстарын дұрыс айту;

- сөзде берілген дыбысты есту мен атап көрсету;

- жалпылама мәнге ие сөздерді пайдалану (көкөністер, жемістер, жануарлар, ойыншықтар);

- заттардың орналасуын анықтау мен атау: сол жақта, оң жақта, арасында, жанында, қатар;

- күрделі сөз формаларын қолдану: көпше түрдегі ілік септігіндегі зат есім (балалардың, конжықтардың), бұйрық райлы етістік (сурет сал, ән сал, биле);

- жекеше-көпше түрді, септік жалғауларын үйлестіру;

- шағын әдеби мәтіндер мен ертегілерді әңгімелеп айтып беру;

- ойыншық туралы және сюжеттік картина бойынша әңгіме құрастыру;

- таныс әдеби туындылар мен ертегілерден үзінділерді драмаландыруға қатысу.

Көркем мәтін бойынша білім мазмұнын игеру нәтижесінде жыл соңында балалар мыналарды *меңгеруі тиіс*:

- ертегі, әңгіме, өлең тыңдай білу;

- оқыған туындылардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру;

- шағын тақпақтарды жатқа оқу;

- ересектердің көмегімен шағын әңгімелерді айтып беру, шағын ертегілерді драмаландыру (сахналандыру);

- кітапқа қызығушылық таныту, кейбір таныс әдеби шығармаларды, оның ішінде қазақ авторларының шығармаларын, ұлттық фольклорлық туындыларды білу мен атын атау.

Орыс тілі бойынша білім мазмұнын игеру нәтижесінде жыл соңында балалар мыналарды *меңгеруі тиіс*:

- үлгілік ойын жағдайларында педагогтың сөзін түсіну;

- жақын айналасындағы заттардың топтарын атау (ойыншықтар, ыдыс, киім, жануарлар, құстар, көкөністер мен жемістер, адам денесінің кейбір мүшелері);

- жыл мезгілдері мен табиғаттың жекелеген құбылыстарын білдіретін заттарды атау; заттардың кейбір қасиеттері мен белгілері, қарапайым іс-әрекеттерді білдіретін сөздерді атау; қарапайым сұрақтарға жауап беру: Кім? Не? Бұл не? Қандай? Неше? Жылдың қай мезгілі? Заттардың кейбір қасиеттері мен белгілерін атау;

- өзі туралы әңгімелеу (тегі, аты-жөні, жас ерекшелігі); қарапайым диалогқа қатысу; сөйлемде жекеше және көпше түрдегі зат есімдерді қолдану; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту; сөз тіркестерін құрастыру; екі-үш сөзден сөйлем құрастыру;

- тәрбиешінің үлгісі бойынша қысқа әңгіме (екі-үш сөйлемнен) құрастыру.

«ТАНЫМ» білім беру саласы (108 сағ)

Мақсаты: әлемнің қарапайым бейнесін түсінуге және өмірлік маңызды мәселелерді шешу үшін ақпаратты пайдалануға мүмкіндік беретін танымдық құзыреттілікке ие мектепке дейінгі тұлғаны қалыптастыру.

«Таным» білім беру саласының мазмұны ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде жүзеге асырылады:

- **қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру**, 36 сағ. («Қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру» тарауының

мазмұнына келесі бағыттар кіреді: жиынтық; сан мен есеп; көлем; геометриялық фигуралар; кеңістікте бағдарлану; уақытқа бағдарлану);

- **құрастыру, 36 сағ.** («Құрастыру» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: құрылыс материалдарына құрастыру; қағаздан құрастыру; табиғи және жарамсыз материалдан құрастыру; конструктор бөлшектерінен құрастыру);

- **қоршаған ортамен таныстыру және экология негіздері, 18 сағ.** («Қоршаған ортамен таныстыру» және «Экология негіздері» блогының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: жансыз табиғаттың заттары мен құбылыстары; заттық әлемді меңгеру, кеңістікте бағдарлану; табиғаттағы маусымдық өзгерістер; өсімдіктер әлемі; жануарлар әлемі; табиғаттағы мінез-құлық ережелері; өзінді таны; қорек).

Қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру бойынша білім мазмұнын игеру нәтижесінде жыл соңында балалар мыналарды *меңгеруі тиіс*:

- заттарды үлгісі мен аталған санына қарай есептеу, сандарды ретіне қарай атау арқылы заттарды санау және қорытынды сан, «Барлығы қанша?» деген сұраққа жауап беру;

- сандарды ретіне қарай атау арқылы 5-ке дейін заттарды санау, «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарына жауап беру;

- заттардың екі тобын салыстыру, аз топқа қосу арқылы немесе үлкен топтан бір затты алу арқылы екі тәсілдің теңдігін анықтау, «қанша болды?», «қанша қалды?» сұрақтарына жауап беру;

- түрлі анализаторлардың көмегімен санау (көру, есту, сезіну арқылы);

- беске дейінгі цифрларды білу мен атау;

- ұлғаю және азаю тәртібінде көлемі әр түрлі 5 затқа дейін салыстыру;

- геометриялық пішіндер мен денелерді тану және атын атау: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, тікбұрыш, текше, шар, цилиндр;

- әлдебір заттың өзіне қатысты орналасуын анықтау мен белгілеу;

- берілген бағытта қозғалу: алға, артқа, солға, оңға;

- тәулік бөліктерін ажырата білу және атау.

Құрастыру бойынша білім мазмұнын игеру нәтижесінде жыл соңында балалар мыналарды меңгеруі тиіс:

- құрылыс бөлшектерін ажырата білу және атын атау (текше, пластина, діңгек, кішкентай кірпіш);

- конструктивтік қасиеттерін ескере отырып, құрылыс материалдарының бөлшектерін пайдалану;

- құрылысқа талдау жасау: негізгі бөлшектерді көрсету және оларды шамасы мен пішінен қарай ажырата білу, осы бөлшектердің бір-біріне қатысты кеңістікте орналасуын анықтау;

- берілген тапсырмаға сәйкес құрылыстарды өзгерту;

- тікбұрыш парақты ортасынан бүту;

- қағаз парақтарын көлемді пішіндерге өзгерту (мыжу, жырту, бұрау);

- жұмыс орнында тәртіп сақтау.

Эксперименталды іздену іс-әрекеті

- қарапайым тәжірибелер мен эксперименттерге қызығушылық таныту және қатысу;
 - қарапайым себеп-салдар байланысын орнату;
 - заттарды белгілі бір реттілікте тексеру тәсілдері;
 - түрлі материалдармен, олардың сапасы және қасиеттерімен танысу.
- «Қоршаған ортамен таныстыру» және «Экология негіздері»** блогының мазмұнын игеру нәтижесінде, жыл соңында балалар мыналарды меңгеруі тиіс:
- «өлі» және «тірі» табиғат ұғымын ажырата білу; «өлі» және «тірі» табиғат нысандарын атау және ажырата білу;
 - табиғаттағы және жыл мезгіліндегі ауа райындағы маусымдық өзгерістердің атын атап, ажырата білу;
 - қарапайым өзара байланыстарды түсіну (суық – жылы киіну керек, топырақ құрғады – гүлдерге су құю керек);
 - ағаштардың, талдардың, шөптесін өсімдіктердің, гүлдердің, жидектердің, саңырауқұлақтардың, көккөніс пен жемістердің, дәрілік шөптердің бірнеше түрін атап, ажырата білу;
 - өсімдік өсіруге қажетті шарттарды білу;
 - көкөністер мен жемістерді түсіне, дәміне, шамасы мен пішініне қарай ажырата білу;
 - өсімдіктің адам мен жануарлар өмірінде алатын маңызын түсіну;
 - үй жануарлары мен жабайы аңдарды, қыстайтын және жыл құстарын, жәндіктерді, балықтарды атап, ажырата білу;
 - жануарлардың табиғи жағдайдағы өмірлері туралы түсінікке ие болу;
 - табиғаттағы мінез-құлық ережелерін білу;
 - табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен жануарларға күтім жасау дағдыларын білу;
 - қарапайым эксперимент жасауға қызығушылық және білімге құмарлық таныту;
 - сынап көру әрекеттері арқылы түрлі мәселелерді шешу тәсілдерін табу, қарапайым себеп-салдар байланыстарын орнату.

«ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ» білім беру саласы (144сағ)

Мақсаты: Қазақстан және басқа елдердің өнер шеберлері туындыларына эмоционалды үн қата білетін, нәтижелі бейнелеу және музыкалық іс-әрекет саласында қарапайым дағдыларға ие мектепке дейінгі кіші жастағы бала тұлғасының шығармашылық құзыреттіліктерін дамыту.

«Шығармашылық» білім беру саласының мазмұны ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде жүзеге асырылады:

- **сурет салу, 36 сағ.** («Сурет салу» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: заттың суретін салу; сюжеттік сурет салу; сәнді сурет салу; түпкі ойы бойынша сурет салу);

- **мүсіндеу, 18 сағ.** («Мүсіндеу» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: зат мүсінін жасау; сюжеттік мүсіндеу; сәнді мүсіндеу);

- **жапсыру, 18 сағ.** («Жапсыру» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: затты жапсыру; сюжеттік жапсыру; сәнді жапсыру);

- **музыка, 72 сағ.** («Музыка» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: музыка тыңдау; ән салу, музыкалық-ырғақтық қимылдар (жаттығу, би, ойын және қол ұстасып ойнау балалардың музыкалық аспаптарда ойнауы).

Сурет салу бойынша жыл соңында балалар мыналарды *меңгеруі тиіс*:

- затқа қарап және заттарды, гүлдерді, көкөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, кейбір жануарлар мен адамды елесетіп сурет салу;

- гуашь, акварель, графиттік және түрлі-түсті қаламдармен жұмыс істей білу;

- шеңберге, сопаққа, шаршыға, тікбұрышқа, жолаққа өрнек салу;

- геометриялық пішіндер мен өсімдік элементтерін ырғақпен орналастыру;

- қазақ ою-өрнектері элементтерінің суретін салу: «Қызғалдақ гүлі», «Ботагөз», «Қошқар мүйіз», «Құс қанаты» және осы оюлармен киімді, тұрмыстық заттарды безендіру (сұлбаларды пайдалану);

- бір мазмұнға біріктіріп, суретте бірнеше заттарды бейнелеу, суретке пішін беру, заттардың құрылысы, көлеміне қарай арақатынасы; бейнелерді қағаздың бүкіл жазықтығына орналастыру;

- мәнерлі бейне жасау үшін, түрлі бояулар мен реңктерді пайдалану;

- ұжымдық жұмыстар атқару, түпкі ойы бойынша сурет салу.

Мүсіндеу бойынша жыл соңында балалар мыналарды *меңгеруі тиіс*:

- пішіні мен көлемі әртүрлі таныс заттарды үлгісі және елесету арқылы жасау;

- бірнеше бөліктен тұратын заттарды жасау, жұмырлау, жалпайту, біріктіру, қысу тәсілдерін пайдалану;

- мүсіндеуде түрлі материалдарды пайдалану (ермексаз, саз балшық, табиғи және жарамсыз материалдар);

- дымково ойыншығы туралы, саз ыдыс жасау бойынша халық шеберлерінің еңбегі туралы қарапайым түсінікке ие болу;

- айнала қоршаған өмір тақырыбында, ертегі сюжеттері бойынша күрделі емес сюжеттік композициялар жасау; ұжымдық жұмыстарды орындауға қатысу;

- жұмыс орнында тәртіп сақтау; жұмыста шіңішке бауды пайдалану.

Жапсыру бойынша жыл соңында балалар мыналарды *меңгеруі тиіс*:

- қайшыны дұрыс ұстау және онымен дұрыс жұмыс істеу;

- шаршы және төртбұрыш диагонали бойынша кесу;

- шаршыдан шеңбер, сопақтан төртбұрыш ойып алу, қиғаш тіліктер жасау; жеке бөліктерден құралған заттарды жаю және жапсыру;

- өсімдіктер мен геометриялық пішіндерден өрнектер жасау, жолаққа, шаршыға, шеңберге, қазақ ою-өрнектерінің элементтерін салу, оларды кезектестіре салу, ретімен жапсыру.

Балаларды бейнелеу өнерімен таныстыру ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) және сабақтан тыс кезінде жүргізіледі. Бұл жұмысқа мыналар кіреді:

- бейнелеу өнері туындыларын, образды ойыншықтарды, тұрмыстық заттарды, қазақ және басқа да халықтардың ұлттық киімдерін, қолданбалы-сәндік өнер заттарын, шағын пішінді скульптура заттарын, дымково халық ойыншықтарын, картиналарды, қазақ және орыс суретшілерінің репродукциясы мен иллюстрацияларын қарастыру.

Музыка бойынша жыл соңында балалар мыналарды меңгеруі тиіс:

- музыкалық шығарманы мұқият тыңдау; әнді әуеніне қарай тану; дыбыстарды биіктігіне қарай ажырата білу;
- созып ән салу, ән салуды бірге бастау және бірге аяқтау;
- музыканың сипатына жауап беретін қимылдарды орындау, қимылдарды музыкалық шығарманың формасына қарай өз бетінше өзгертіп отыру;
- би қимылдарын жасау (секектеу, шеңбер бойымен жұптаса қимылдау, бір орында және жұптаса айналу);
- заттармен қимыл жасау (орамал, лента, қуыршақ);
- ән салуды, қол ұстаса билеуді сахналандыру;
- үшбұрышта, румбада, металлофонда қарапайым әуендерді ойнау.

«ӘЛЕУМЕТТІК ОРТА» білім беру саласы (36 сағ)

Мақсаты: қоғамдық нормалар мен ережелерді білу негізінде қарым-қатынас пен өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін әлеуметтік құзіреттілікке ие, адамдық қарым-қатынасқа бағдарланған тұлғаны қалыптастыру.

«Әлеуметтік орта» білім беру саласының мазмұны ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде жүзеге асырылады:

- **қоршаған ортамен таныстыру және экология, 18 сағ.** («Қоршаған ортамен таныстыру» және «Экология» блогының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: бала, оның отбасы, үй; байланыс және қозғалыс құралдары; жол әліппесі; ересектердің еңбегі; менің Отаным – Қазақстан; адамгершілік нормалар туралы түсінік; мінез-құлық мәдениетінің дағдылары; ересектермен және құрдастарымен өзара әрекеттесу; аурулардың алдын алу; өзіңе және өзгеге көмектес; қауіпсіз мінез-құлық негіздері);

- **көркем әдебиет, 18 сағ.** («Көркем әдебиет» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: адам қатынастарының әлемі; эмоциялар әлемі).

«Әлеуметтік орта» білім беру саласындағы **«Қоршаған ортамен таныстыру» және «Экология»** блогының мазмұнын игеру нәтижесінде, жыл соңында балалар мыналарды меңгеруі тиіс:

- үй туралы, отбасы туралы, отбасындағы өзара қарым-қатынас туралы және туыстық байланыстар туралы түсінікке ие болу;
- өз аты-жөні мен жасын, тегін, ата-анасының аты-жөнін атай білу;
- көлік құралдарын тану және атын атай білу (автобус, трамвай, жүк машинасы, жеңіл машина, жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы, поезд, ұшақ, пароход);
- бағдаршамның үш сигналының маңынасын түсіну, жол бөліктерін ажырата білу және атын атай білу;
- жол қозғалысының ережелері туралы түсінікке ие болу; жол белгілерін білу: «Жаяу жүргіншілердің жолы», «Медициналық жәрдем көрсету пункті»;

- жақын айналасындағы адамдардың еңбегі туралы қарапайым түсінікке ие болу, құрылыс кәсіптері туралы және егінші кәсібі туралы білу;
- кез келген заттың адам еңбегімен жасалғанын түсіну;
- өз Отаны – Қазақстан туралы білу, Қазақстанның туы мен елтаңбасын тануы, еліміздің басты мерекелерін білуі;
- ҚР мемлекеттік гимнін орындау кезіндегі мінез-құлық ережелерін білуі;
- армия, ел қорғандары туралы түсінікке ие болу;
- ересектермен және құрдастарымен екі тілде өзара оң әрекеттесе білу, ізгі ниетті және ілтипатшыл болу;
- адамгершілік мінез-құлық нормалары туралы түсінікке ие болу: «жақсы» деген не, «жаман» деген не?;
- қоғамдық орындарда мінез-құлық мәдениетінің қарапайым дағдыларын иелену;
- мәдени-гигиеналық дағдыларды игеру кезінде өзбетінше әрекет ету;
- денсаулық пен өз өмірін қалай сақтау керек екенін және басқаларға көмектесу қажет екенін түсіну;
- қоғам мен табиғаттағы негізгі қауіпсіз мінез-құлық ережелерін білу.

«Әлеуметтік орта» білім беру саласы бойынша білім мазмұнын игеру нәтижесінде, жыл соңында балалар мыналарды *меңгеруі тиіс*:

- әр баланың отбасы, ата-анасы бар екенін; ата-анасы балаларын жақсы көретінін, оларға қамқорлық жасайтынын түсіну;
- жақын адамдары мен айналадағы адамдар туралы қарапайым қамқорлық көрсету;
- құрдастарымен біріккен іс-әрекетке қатысу; өз іс-әрекетімен басқаларға кедергі жасамай ойынға қосылу; қарапайым нормалар мен мінез-құлық ережелерін білу;
- адамдардың қатынасындағы «жақсы» деген немесе «жаман» деген не екенін түсіну;
- басқа балалардың тілектерімен санасу, олардың эмоционалды күйлерінің өзгеруін байқай білу;
- ересектермен бірге еңбек іс- әрекеттерін орындау;
- үлкендерге құрмет көрсету;
- ертегі, әңгімелер, өлең тыңдау, әрекеттердің дамуын қадағалау;
- әдеби кейіпкерлерінің мінез-құлықтарын талдау, олардың кемшіліктерін ғана емес, сондай-ақ артықшылықтарын да байқау;
- әдеби кейіпкердің мінез-құлқына деген өз қатынасын әңгімелеу;
- бір-бірімен сыпайы түрде әңгімелесу;
- күнделікті өмірде «сыпайы сөздерді» пайдалану;
- сұқбаттас болу, түрлі тақырыптарда әңгімелесу;
- ересектерді өз аты және әкесінің атымен атау;
- ересектермен және құрдастарымен сәлемдесу және қоштасу, көмектескені үшін алғыс білдіру; ересектер мен құрдастарына өтініш білдіру.

Баланы ойын іс-әрекетінде дамыту

Мақсаты: әлеуметтік-белсенді тұлғаны қалыптастыру, алғашқы әріптестік қатынастар тәжірибесін, балалардың бір-бірімен және ересектермен эмоционалды оң қарым-қатынас дағдыларын жинақтау.

«Баланы ойын әрекетінде дамыту» тарауының мазмұнына мыналар кіреді: сюжеттік-рөлдік ойындар; қимыл-қозғалыс ойындары, дидактикалық ойындар.

Ойын іс-әрекеті бойынша балалар жыл соңында мыналарды *меңгеруі тиіс*:

- өз бетінше ойнау және шартты ойын қимылдарын орындау;
- бақылау нәтижелері бойынша күрделі емес нәтижелерді дамыту;
- белгіленген рөліне сәйкес іс-әрекеттерді орындау, заттар мен атрибуттарды іріктеу;
- тәрбиешінің көмегімен таныс ертегі және заманауи әдеби сюжеттерді сахналандыру;
- сюжеттік - рөлдік ойында құрылыс материалдарынан жасалған құрылысты пайдалану; қимыл-қозғалыс және дидактикалық ойындарда ойын ережелеріне бағыну;
- басқа балалармен бірге ойнау, құрдастарына ізгі ниет білдіру.

Баланы еңбек іс-әрекетінде дамыту

Мақсаты: мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды еңбек іс-әрекетіне баулу, еңбекке деген тұрақты қызығушылыққа тәрбиелеу, еңбек дағдылары мен икемділіктерін қалыптастыру.

«Баланы еңбек іс-әрекетінде дамыту» тарауының мазмұнына мыналар кіреді: өзіне-өзі іс-әрекет ету; шаруашылық-тұрмыстық еңбек; табиғат бұрышында еңбек ету; табиғатта еңбек ету.

Еңбек іс-әрекетінде жыл соңында балалар мыналарды *меңгеруі тиіс*:

- өз бетінше әрекет ету дағдыларын иелену (киім кию, аяқ киім кию); киімін ретке келтіру – тазалау, кептіру;
- асхана кезекшісі міндетін өз бетінше орындау: іші шұңғыл табақтар қою, тамақ салынған тостағандар қою, нан салғыш қою, майлыққа арналған стакандарды қою, асхана аспаптарын орналастыру (қасық, шанышқы, пышақ);
- екінші жарты жылдықтан бастап ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне материалдар дайындау бойынша кезекші міндетін атқаруға үйрету: материалдарды, құралдарды жайғастыру және оларды сабақтан кейін жинап алу;
- табиғат бұрышында еңбек ету.

5 ЖАСТАН БАСТАП 6 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ОҚУ ЖОСПАРЫ

Балалардың жас ерекшеліктерінің сипаттамасы

Мектепке дейінгі ересек жас баланың психикалық дамуындағы маңызды өзгерістерімен сипатталады.

Осы жастағы балалардың бойында құрдастарымен өзара оң іс-әрекеттер орнатуға деген тұрақты қызығушылығы пайда болады, ойын іс-әрекетінде серіктестер рөлін атқаратын басқа балалармен тұрақты байланысы туындайды.

6 жасар бала, әдетте, бейнелеу іс-әрекетіне көп уақыт бөледі, ол сюжеттік бейнелер жасап, оларды сөз түсініктемелерімен сүйемелдейді, мақсаты мен атқаратын іс-әрекетіне қарай түрлі нысандардың конструкцияларын өзгертеді.

Балалар түрлі пішіндерді, түстерді меңгереді (негізгі түстерді ғана емес, сондай-ақ олардың реңктерін де), олардың бойында нысандардың мөлшері туралы түсініктері тереңдей түседі.

Осы жаста бейнелі ойлауы, қиялы дамиды, қорытындылау дағдысы қалыптасады, түрлі жағдайларды көрнекі үлгілеу ойдағыдай қолданылады.

Баланың тілі барынша анық бола түседі, есту арқылы қабылдауы жетіледі, фонематикалық естуі дамиды, мұның өзі оған дұрыс сөйлеуге ғана емес, сондай-ақ басқа балалардың дұрыс сөйлмеген сөзін көрсете алуға да мүмкіндік береді. Тілдің интонациялық мәнерлігі айқын көрініс табады.

5 жастан 6 жасқа дейінгі кезеңде сөйлеу-логикалық ойлаудың серпінді дамуы орын алады. Сөйлеу-логикалық ойлаудың қалыптасуына орай бала заттар мен құбылыстардың көрнекі түрде елестету мүмкін болмайтын байланыстарын түсінуге қабілетті болып келеді.

Мектеп жасына дейінгі баланың бойында мотивтерді бірлестіру, байқампаздық, өз әрекетін жоспарлай білу дағдылары дамиды, әрекет еркіндігі пайда болады. Осы жаста бала тұлғасының дамуы көбіне оның бастамасын айналасындағы балалар мен ересектердің қаншалықты мақұлдауына байланысты болады. Шығармашылық бастаудың табысты болуы үшін, балаларға шығармашылық сипаттағы тапсырмалар ұсыну ғана емес, сондай-ақ олардың әрекетінің әлеуметтік тұрғыдан танылуын қамтамасыз ету керек.

Танымдық мотив осы жас ерекшелігінде баланың көп сұрақ қоюы мен оларға жауап алуға ұмтылысынан көрінеді.

Мектепке дейінгі ересек топтағы балалар үшін адамгершілік мотивтер ерекше маңызға ие. Мектепке дейінгі ересек топтағы балалар үшін басқа балаларға көмектесу әрекеті алдыңғы орынды иеленеді: олар қызық емес әрекетпен жеткілікті шамада ұзақ уақыт айналысуға дайын, мысалы, осы текшелермен кейіннен сәбилердің ойнайтындығы белгілі болса, текшелерді сұрыптау әрекеті.

Осы кезеңнің аса маңызды жаңалығы – еркін мінез-құлық: серпінді, әрі тікелей мінез-құлық, бұл әрекет норма және ережелермен демеледі, осы жаста еріктілік әлі де болса қалыптасу кезеңін өткереді. Алғаш рет осы орайда «Өзіңді қалай ұстау керек?» деген сұрақ туындайды. Басқаша айтқанда, өз мінез-құлқының алдын ала бет-бейнесі жасалады.

5 жастан 6 жасқа дейінгі ересектер тобына арналған үлгілік оқу жоспары

«Денсаулық» - 3	
дене шынықтыру	2 сағат
қауіпсіз мінез-құлық негіздері, валеология	1 сағат
«Қатынас» - 4 сағат	
тіл дамыту	0,5 сағат
көркем әдебиет	0,5 сағат
сауат ашу және жазу негіздері	1 сағат
мемлекеттік тіл	2 сағат
«Таным» - 3 сағат	
қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру	1 сағат
кұрастыру	1 сағат
қоршаған ортамен таныстыру және экология негіздері	1 сағат
«Шығармашылық» - 5 сағат	
сурет салу	1 сағат
мүсіндеу	1 сағат
жапсыру	1 сағат
музыка	2 сағат
«Әлеуметтік орта» - 2 сағат	
қоршаған ортамен таныстыру және экология	0,5 сағат
көркем әдебиет	0, 5 сағат
өзін-өзі тану	1 сағат
Мектепке жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жалпы көлемі	аптасына 17 сағат, 36 оқу аптасы
Вариативтік компонент*	3 сағат
Ағылшын тілі	2 сағат

* мектепке дейінгі ұйымның тақырыптық бағытында жұмыс істеу, эксперименталды жұмыс, педагогтардың шығармашылық жұмысы, қабілетті балалармен жұмыс істеу, балалардың қызығушылықтары бойынша жұмыс істеу және шет тілдерін үйрену, бұл ұйымдастырылған іс-әрекет аясынан тыс жұмыс болып табылады.

«Денсаулық» білім беру саласы (108сағ)

Мақсаты: денсаулық сақтау құзіреттіліктерін қалыптастыру, өз денсаулығын дұрыс күтуге тәрбиелеу, қимыл белсенділігін арттыру және дене сапаларын қалыптастыру.

«Денсаулық» білім беру саласының мазмұны ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде жүзеге асырылады:

- **дене шынықтыру, 72 сағ.** («Дене шынықтыру» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді:

- негізгі қимыл түрлерін дамыту жаттығулары (жүру; жүгіру; секіру; лақтыру, тастау, ұстау; бауырлап жүру мен өрмелеу; тепе-теңдік; құру және қайта құру; музыкалық-ырғақ қимылдары);

- жалпы дамытушы жаттығулар (қол мен иыққа; аяққа; кеудеге арналған жаттығулар; күш беретін жаттығулар; белге арналған жаттығулар);

- спорт жаттығулары (шанамен сырғанау; сырғу; шаңғы тебу; велосипед немесе самокат тебу; жүзу, гидроаэробика);

- спорт ойындарының элементтері (городки, баскетбол, бадминтон, футбол, хоккей);

- қимыл-қозғалыс ойындары (жүгіріп ойнау; секіріп ойнау; жер бауырлап немесе өрмелеп ойнау; лақтырып ойнау, тастап ойнау және ұстап ойнау; кеңістікте бағдарлана білуге ойнау, эстафеталық ойындар; суда ойнау);

- **қауіпсіз мінез-құлық негіздері, валеология, 36 сағ.** («Қауіпсіз әрекет негіздері, валеология» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: өзінді таны; тамақтану; аурудың алдын алу; өзіңе және басқаларға көмектес; табиғаттағы қауіпсіз әрекет; қоғамдағы қауіпсіз әрекет) және балалардың өмірі мен тәрбиесін ұйымдастыру арқылы – дербес қимыл белсенділігі, шынығу, сауықтыру жұмысы, мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.

Дербес қимыл белсенділігі – баланы дамытуға қажетті шарт, сондықтан ойын әрекетін дамытуға ықпал ететін түрлі жабдықтар және спорт құралдарымен қамтылған қимыл-қозғалыс ортасын құру.

Дене шынықтыру ойын-сауығы айына 1 рет, ұзақтығы 25 минут.

Дене шынықтыру мерекесі – жылына 2 рет (қысқы және жазғы), ұзақтығы 45 минутқа дейін.

Денсаулық күні - айына 1 рет, ұзақтығы 30 минутқа дейін.

Дене шынықтыру бойынша жыл соңында балалар мыналарды *меңгеруі тиіс*:

- дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетінде денсаулықты нығайтумен және дене дайындығын арттырумен байланысы туралы; дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетінде қауіпсіздік техникасын сақтау туралы түсінікке ие болу;

- дұрыс мүсін қалыптастыруға бағытталған жаттығулар кешенін орындау;
- таңғы жаттығу кешенін, тыныс алу жаттығуларын орындау;
- қимыл-қозғалыс ойындарын ойнау;
- түрлі тәсілде жүру; көзді жұмып 3-4 м жүру;
- 1,5-2 минут үздіксіз баяу қарқында жүгіру;
- орташа жылдамдықпен кезектесе жүріп, 80-120 м қашықтықта жүгіру;
- шамамен 5,5-6 секунд ішінде 20м жылдамдықпен жүгіру;
- 5-6 заттан тікелей және жанымен секіріп өту;
- түрлі тәсілде секіріп өту: бір аяппен, екі аяппен, бір орында, 3-6м қашықтықта алға жылжып;

- бір орында тұрып кемінде 80 см-ге секіру; жүгіріп келіп кемінде 100 см ұзындыққа секіру; жүгіріп келіп биіктікке секіру (кемінде 30-40 см-ге.);

- 20 см-ге дейін биіктікке секіру, 30 см биіктіктен белгіленген орынға секіру;

- допты жоғары лақтырып, оны ұстап алу, допты жерге 10 ретке дейін соғу;

- заттарды ұзақтыққа лақтыру (кемінде 5-9 м); 3-4 м қашықтықтан көлденең және тік бағытта лақтыру.

- қарқынды өзгерте отырып гимнастикалық қабырғаға өрмелеу (биіктігі 2,5 м);

- заттардың арасымен төрт аяқтап жүру;

- тепе-теңдікті сақтай отырып, түрлі тәсілде шектелген беткеймен өту;

- біреулік колоннадан үшеулік, төртеулік колоннаға келіп қосылу;

- музыкамен таныс физикалық жаттығулар жасау;

- жалпылама дамыту жаттығуларын жасаған кезде, бастапқы орынды білу, орындау реттілігін сақтау;

- төбешіктен шанамен өз бетінше сырғанау, бұрылыстар жасау, бір-бірін шанамен сырғанату;

- айнымалы сырғитын қадам жасап, 2 км қашықтықта шаңғы тебу, төбешікке көтерілу және одан қайта түсу;

- екі доңғалақты велосипед пен самокатта сырғанау;

- еркін жүзу;

- спорт элементтері бар ойындарға белсене қатысу: городки, бадминтон, футбол, хоккей, баскетбол;

- таныс қимыл-қозғалыс ойындарын өз бетінше ұйымдастыру, тәрбиешінің көмегімен берілген сюжеттерге ойын ойлап табу;

- дене дайындығы деңгейін көрсету.

Қауіпсіз мінез-құлық және валеология негіздері бойынша жыл соңында балалар мыналарды меңгеруі тиіс:

- адам денесінің құрылымын, маңызды органдарының іс-әрекетін және адам денсаулығы үшін олардың дұрыс жұмыс істеу маңыздылығын білу;

- негізгі азық-түлік өнімдерін білу мен атау, олардың сапасын анықтай білу;

- гигиеналық жеке заттарды пайдалана білу;

- жұқпалы аурулар және олардың белгілері туралы түсінікке ие болу;

- аурудың алдын алу және денсаулықты нығайтудың негізгі шаралары туралы түсінікке ие болу (шынығу, күн тәртібін сақтау, мүсінді дұрыс сақтау);

- жануарлармен, жәндіктермен қауіпсіз қатынас жасау тәсілдерін білу, сақтық шараларын сақтау;

- улы және дәрілік өсімдіктер туралы түсінікке ие болу;

- үйде, көшеде және қоғамдық орындарды қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау;

- өзінде және басқа адамдарды аурудың алғашқы белгілері пайда болғанда, ересектердің көмегіне дер кезінде жүгіне білу;

- көмек алу үшін полицияға, кассирге, сатушыға және басқа да жұмыс істейтін адамдарға дер кезінде жүгіну;

- дененің ауырғанын жеңілдете білу;

- шұғыл көмекке шақыра білу;

- жақын айналада, балабақшаның аумағында, өз үйінде бағдарлана білу;

- жалпы мақсаттағы жабдықты дұрыс және ұқыпты пайдалана білу (телефон-автоматтар, лифтілер).

«ҚАТЫНАС» білім беру саласы (126 сағ)

Мақсаты: ана тілінің негізгі құндылықтарын меңгерген, мемлекеттік және басқа тілдерде әлеуметтік өзара әрекетке дайын, вербальды және вербальды емес құралдар арқылы қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға қабілетті мектепке дейінгі көп тіл білетін тұлғаны тәрбиелеу.

«Қатынас» білім беру саласының мазмұны мектепке дейінгі ересек жаста ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде жүзеге асырылады:

- **тіл дамыту, 36 сағ.** («Тіл дамыту» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: тілдің дыбыстық мәдениетін дамыту; сөздікпен жұмыс істеу; тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыру; әңгімелеуге үйрету (монологтық тіл); ауызекі тілді қалыптастыру (диалогтық); шығармашылық әңгімелесу;

- **көркем әдебиет, 18 сағ.** («Көркем әдебиет» тарауының мазмұнына келесі тараулар кіреді: оқу мен әңгімелеуге арналған шығармалар; оқығанын айтып беру; жаттау);

- **сауат ашу және жазу негіздері, 36 сағ.** («Сауат ашу және жазу негіздері» тармағының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: бастапқы оқу дағдыларын қалыптастыру; қолды жазуға дайындау);

- **орыс тілі, 36 сағ.** (тараудың мазмұнына келесі бағыттар кіреді: тілдің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеу; сөздікпен жұмыс істеу; тілдің грамматикалық жағын қалыптастыру; байланыстырып сөйлеуді дамыту);

Тіл дамыту бойынша білім материалын игеру нәтижесінде жыл соңында балалар мыналарды меңгеруі тиіс:

- тілдің шынайылығы туралы қарапайым түсінікке ие болу (дыбыс, сөз, сөйлем туралы); сөз басындағы дыбысты бөлектеп көрсету; дыбыстарды ажырата білу;

- дыбыстарды буынға біріктіру; сөз тіркестері мен сөйлемдерді құрастыру, оның ішінде жаңа сөздермен құрастыру;

- педагогтың сұрақтарына жауап беру, өз сұрақтарын қою;

- жай сөйлемдерді қолдану;

- ертегіні қайталап айтып беру, тірек иллюстрациялары бойынша әңгімелеу (мазмұны жағынан қысқа);

- сурет, бірнеше сюжеттік картиналар бойынша ауызша әңгіме құру;

- түрлі оқиғаларды әңгімелеу, ертегілер ойлап шығару, ұйқасы және сөзі бар ойындарға қызығушылық таныту;

- тілде көп мағыналы, жалпылама сөздерді, антонимдерді, синонимдерді, теңеуді пайдалану;

- құрдастарымен және ересектермен диалогқа еркін қатысу, тілдік және тілдік емес құралдар арқылы өз сезімдері мен ниеттерін білдіру, сыпайылық формаларын игеру.

Көркем әдебиет бойынша білімдік материалды игеру нәтижесінде жыл соңында балалар мыналарды меңгеруі тиіс:

- көркем мәтінді тыңдай және ести білу;
- әдеби шығармалардың мазмұнына эмоционалды, белсенді түрде мән беру, әдеби кейіпкерлермен бірге күйзелу, сезіну;
- мәтіннің мазмұнына сәйкес келетін ойын әрекеттерін орындау;
- мәтіннің мазмұны мен иллюстрациялар бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беру;
- әдістемелік шығармаларды жатқа білу (өлең, шағын фольклорлық жанрлар);
- мәтіндегі жеке сөздерді, айтылымдарды есте сақтау; оқылған, естілген мәтінге қатысты өз ойын білдіру;
- кейбір әдеби жанрларды білу мен атау;
- шағын театр қойылымдарын ұжым болып көрсетуге қатысу;
- кітапқа қызығушылық таныту, бірнеше танымал әдеби шығармаларды, сондай-ақ қазақстандық жазушылардың шығармаларын, ұлттық фольклор туындыларын атау;
- кітапты ұқыпты және мұқият пайдалана білу.

Сауат ашу және жазу негіздері бойынша білімдік материалды игеру нәтижесінде жыл соңында балалар мыналарды *меңгеруі тиіс*:

- тілдің негізгі бірліктері туралы түсінікке ие болу (дыбыс, буын, сөз, сөйлем);
- орыс тілі дыбыстарын артикуляциялау, дұрыс артикуляция, жақсы дикция тиімді қарым-қатынас жасауға ықпал ететінін түсіну;
- айтылым тұрғысынан өз дауысының дыбысталуын, қарқынын, дауыс қаттылығын бағалау;
- барлық дыбыстарды дұрыс, анық етіп айту және дыбыстарды айқын айту;
- сөздерден дыбыстарды бөліп айту, белгілі бір дыбысқа ие сөздерді айту, сөз ішіндегі дыбыстың орнын анықтау;
- түрлі дыбыстық құрылымға ие үш-төрт дыбыстық сөзге дыбыстық талдау жасау, дыбыстарды сипаттау (дауысты – дауыссыз, екпінді - екпінсіз, қатаң - ұяң);
- сөйлем туралы бастапқы түсінікке ие болу;
- берілген тақырыпта тірек сөздер бойынша сөйлем құрау;
- 12 баспа әріптің бейнесін тану (6 дауысты: А, У, И, Ы, О, Э; 6 дауыссыз: М, Н, Л, Р, Т, С);
- жазу кезінде дұрыс орналастыру ережелерін білу;
- қарындашты, қаламды дұрыс ұстай білу, парақтың жазықтығында бағдар тұту, жеке элементтер ырғақты орналасатын қарапайым бордюрлерді салу.

Орыс тілі бойынша білімдік материалды игеру нәтижесінде жыл соңында балалар мыналарды *меңгеруі тиіс*:

- базалық лексикаға құрылған үлгілік дидактикалық-ойын жағдайларында сөзді есту арқылы түсіну;
- қарапайым сұрақтарға жауап беру;
- дыбыстар мен сөздерді орыс тілінде анық айту;
- өзі туралы (тегі, аты мен жасы), ата-анасы туралы әңгімелеу, үй мекен-жайын айту;

- заттардың кейбір қасиеттерін атап айту;
 - қарапайым диалогқа қатыса білу;
 - сұрақтарға жауап беру: (Мынау не? Неше? Не істеді? Қайда? Қандай?);
 - екі-үш сөзден сөз тіркестерін, сөйлемдер, қысқаша әңгімелер құрастыру;
 - тілде жекеше және көпше зат есімдерді қолдану;
 - орыс тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту;
 - 10-ға дейін тура және кері санай білу;
 - жақын айналасындағы заттардың топтарын; жыл мезгілін және табиғаттың жекелеген құбылыстарын, көлемін, түсін заттармен жасалатын әрекеттерді білдіретін сөздерді атау.

«ТАНЫМ» білім беру саласы (108 сағ)

Мақсаты: әлемнің тұтас бейнесін түсіне білетін және өмірлік маңызды мәселелерді шешу үшін ақпаратты пайдалана алатын мектеп жасына дейінгі үлкен балалардың танымдық қабілеттерін, танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыру.

Мектеп жасына дейінгі ересек топтағы «Таным» білім беру саласының мазмұны ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде жүзеге асырылады:

- **қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру , 36 сағ.** («Қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру» тарауының мазмұны келесі бағыттардан тұрады: жиын; сан және санау; көлем; геометриялық пішіндер; кеңістікті бағдарлау; уақытты бағдарлау; салмақты бағдарлау);

- **құрастыру, 36 сағ.** («Құрастыру» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: құрылыс материалдары мен конструктор бөлшектерінен құрастыру; қағаздан құрастыру; табиғи және жарамсыз материалдан құрастыру);

- **қоршаған ортамен таныстыру және экология негіздері, 36 сағ.** («Қоршаған ортамен таныстыру» және «Экология негіздері» блогының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: өлі табиғаттын заттары мен құбылыстары; заттық әлемді меңгеру, кеңістікте бағдарлану; табиғаттағы маусымдық өзгерістер; өсімдіктер әлемі; жануарлар әлемі; табиғаттағы мінез-құлық ережелері).

Қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру бойынша білімдік материалды игеру нәтижесінде жыл соңында балалар мыналарды меңгеруі тиіс:

- жеке зат та, сондай-ақ тұтас топ та жиын элементі бола алатынын білу;
- жиынның құрамдас бөліктерін көрсету, жұп және есеп құрастыру негізінде бөлшектерді салыстыру;
- 10 шегінде сандар мен цифрларды білу;
- 10 шегінде тура және кері санай білу;
- қарапайым мысалдар мен есептерді шеше білу;
- сөйлеуде «Қанша?», «Неше?», «Есеп бойынша нешінші?» деген математикалық терминдерді пайдалану;
- затты бірнеше тең бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлшекті салыстыру;

- мөлшерінің ұлғаю (кішірею) шамасына қарай орналастырып, түрлі шамадағы заттарды салыстыру;
- сөйлеуде көлеміне қарай заттардың арасындағы қатынасты білдіретін математикалық терминдерді пайдалану;
- шартты өлшем көмегімен көлеміне қарай екі затты салыстыру;
- геометриялық пішіндер (шеңбер, шаршы, үшбұрыш, төртбұрыш, тікбұрыш, сопақ, көпбұрыш) мен денелердің (шар, текше, цилиндр) атын атау және ажырата білу;
- айналасынан геометриялық пішінді заттарды табу, олардың пішіндерін талдау;
- сөзбен бір заттың келесі затқа қатысты жағдайын, заттар мен адамдар арасындағы өзіндік орнын анықтай алу және белгілей алу, қағаз бетінде бағдарлана білу;
- түрлі оқиғалардың реттілігін белгілеу, тәулік бөлімдерін, апта күндерін, жыл айларын атау;
- ұлғаю немесе кішірею тәртібінде орналастыра отырып, заттарды салмағына қарай анықтау; заттың салмағы оның мөлшеріне байланысты емес екенін білу.

Құрастыру бойынша білімдік материалды игеру нәтижесінде жыл соңында балалар мыналарды *меңгеруі тиіс*:

- құрылыс материалының негізгі бөлшектерін атау мен ажырата білу: кішкентай кірпіш, дінгек, цилиндр, текше, пластина;
- заттың қарапайым конструкциясындағы бөлшектердің санын және олардың өзара орналасуын анықтау;
- құрылысты талдау, конструктивтік шешімдер табу;
- шарты мен түпкі ойы бойынша дайын бөлшектерден құрастыру;
- құрдастарымен ізгі ниетті өзара қатынас орната отырып, ұжым болып жұмыс істеу;
- қағаздан құрастыру тәсілдерін пайдалана отырып, қағаз пішіндерді көлемдік пішінге келтіру;
- жұмыста шаблон, трафарет және дайын ойықтарды пайдалану;
- құралдарды – қайшыны, желімді дұрыс пайдалану; атқаратын іс-әрекетіне қарай пайдалану, оларды дұрыс ұстау және дұрыс қимыл жасау;
- жарамсыз және табиғи материалдан құрастыру, желім, сіріңке, ермексаздың көмегімен жеке бөлшектерді байланыстыру дағдыларын игеру;
- еңбек мәдениеті ережелерін, жұмыс орнындағы тәртіпті сақтау;
- ұсынылатын затты қарастыра білу, өзіне тән ерекшеліктерін көре білу; басқа соған ұқсас өзіндік ерекшелігі бар заттармен салыстыру: мөлшеріне, түсіне, материалына, құрылымына (конструкциясына) қарай;
- өз ойы бойынша түрлі материалдардан конструкциялар жасау;
- нәтижеге қол жеткізу үшін, түрлі құралдарды қолдану (схема, модель, сурет, үлгі және т.б.);
- функционалды іс-әрекетіне қарай түрлі бұйымдар жасауға қатысу (мереке, спектакль үшін, интерьерге арналған безендіру, ойын үшін және т.б.).

Қоршаған ортамен таныстыру және экология негіздері блогының мазмұнын игеру нәтижесінде жыл соңында балалар мыналарды меңгеруі тиіс:

- «өлі» және «тірі» табиғат ұғымын ажырата білу;
- «өлі» және «тірі» табиғаттағы қарапайым өзара байланысты түсіну;
- өлі және тірі табиғат нысандарын, табиғаттағы маусымдық өзгерістерді атау және ажырата білу; судың үш күйін білу;
 - табиғаттағы және жыл мезгіліндегі ауа райындағы маусымдық өзгерістердің атын атау және ажырата білу;
 - заттардың атын атау және ажырата білу, олардың мөлшерін, түсін, пішінін, олардың қай материалдан жасалғанын білу (шыны, металл, ағаш, қағаз және т.б.), атқаратын қызметін білу, оларды жіктей алу;
 - заттардан жасалған материалды өз бетінше анықтау мен атын атау, олардың сапасы мен қасиеттерін сипаттау;
 - ағаштардың, талдардың, шөп өсімдіктердің, гүлдердің, жидектердің, саңырауқұлақтардың, көккөніс пен жемістердің, дәрілік шөптердің бірнеше түрін атап, ажырата білу; өсімдіктің өсуіне қажетті шарттарды білу;
 - көкөністер мен жемістерді түсіне, дәміне, шамасы мен пішініне қарай ажырата білу;
 - өсімдіктің адам мен жануарлар өмірінде алатын маңызын, дәрілік өсімдіктердің маңызын түсіну;
 - өсімдік өсіруге қажетті шарттарды білу, оларды көбейтудің кейбір тәсілдерін білу;
 - адам үшін өсімдіктердің маңызды екенін түсіну;
 - үй жануарлары мен жабайы жануарларды, қыстайтын және жыл құстарын, жәндіктерді, балықтарды атау және ажырата білу;
 - бүкіл жыл мезгілінде жануарлардың табиғи жағдайдағы өмірлері туралы түсінікке ие болу;
 - Қазақстанның «Қызыл кітабындағы» өсімдіктер мен жануарларды, олардың өсетін және мекендейтін жерлерін білу; табиғаттағы мінез-құлық ережелерін білу;
 - табиғатты сақтауда қолдан келгенше көмек беру;
 - табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен жануарларға күтім жасау дағдысын игеру;
 - қарапайым эксперимент жүргізуге қызығушылық пен білімге құмарлық таныту;
 - табиғатта демалу, еңбектену кезінде, қоршаған ортаға қатысты өз әрекеттерін болжай білу;
 - сынап көру әрекеттері арқылы түрлі мәселелерді шешу тәсілдерін табу, қарапайым себеп-салдар байланыстарын орнату.

«ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ» білім беру саласы (180 сағ)

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі ересек топтағы балаларды өнер әлеміне баулу, эстетикалық талғамын, шығармашылық құзыреттілігін қалыптастыру, қиялын, шығармашылығы мен елесін, балалардың өз түсінігін, күйзелістерін, сезімдерін, ойларын көркем пішінде беруге ұмтылысын дамыту.

«Шығармашылық» білім беру саласының мазмұны ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттің алуан түрлерінде жүзеге асырылады:

- **сурет салу, 36 сағ.** («Сурет салу» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: заттан сурет салу; сәнді сурет салу; сюжеттік сурет салу);

- **мүсіндеу, 36 сағ.** («Мүсіндеу» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: заттан мүсіндеу; сәнді мүсіндеу; сюжеттік мүсіндеу);

- **жапсыру, 36 сағ.** («Жапсыру» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: заттық жапсыру; сәнді жапсыру; сюжеттік жапсыру);

- **музыка, 72 сағ.** («Музыка» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: музыка тыңдау; ән салу; музыкалық-ырғақтық қимылдар (жаттығулар; ойындар мен қол ұстасып ән айту; би және би шығармашылығы); балалардың музыкалық аспаптарында ойнау (Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттен тыс болуы мүмкін).

Сурет салу бойынша білімдік материалды игеру нәтижесінде жыл соңында балалар мыналарды *меңгеруі тиіс*:

- бейнелеу өнерінің мәнерлеу құралдары туралы бастапқы түсінікке ие болу;

- заттар мен құбылыстарға тән белгілерді көрсете білу, оларды өз бейнелеу іс-әрекетінде көрсету;

- бұйымға қарап және заттарды, гүлдерді, көкөністерді, жемістерді, силуэтті қиын емес ойыншықтарды, жануарлар мен адамды елесетіп сурет салу;

- адамның қарапайым қиылдарын суретпен беру;

- сурет салуда мәнерлі құралдарды пайдалану (түс, пішін, композиция, ырғақ және т.б.);

- гуашь, акварель, графиттік және түрлі-түсті қаламдармен жұмыс істей білу;

- бояу жаққышпен жұмыс істеу тәсілдерін білу (бояу түсіру, жағу);

- қарапайым пішінде ою жасау (шеңбер, сопақ, шаршы, жолақ);

- ортасын, бұрыштарын, жиектерін көрсете отырып, розеткаға, үшбұрышқа, алтыбұрышқа сәнді суреттер салу;

- оюға ырғақпен геометриялық пішіндерді және өсімдік элементтерін ырғақпен орналастыру;

- қазақ ою-өрнектерінің алуан түрлілігі туралы, сәндік-көркем кәсіптердің эстетикалық ерекшеліктері туралы түсінікке ие болу (дымково ойыншығы, городец өрнегі);

- қазақ ою-өрнектері элементтерін салу және силуэттерге орналастыры отырып, онымен киімді, тұрмыстық заттарды безендіру;

- бір мазмұнмен біріктіре отырып, суретте бірнеше заттарды бейнелеу;

- сурет салуда алуан түрлі техниканы өз бетінше қолдана білу;

- қағаз бетінің бүкіл жазықтығында бейнені орналастыра білу, заттардың кеңістіктік қатынасын беру;

- ұжымдық жұмыстарды орындау, оймен сурет салу.

Мүсіндеу бойынша білімдік материалды игеру нәтижесінде жыл соңында балалар мыналарды *меңгеруі тиіс*:

- бұйымға қарап және көзге елестету арқылы пішіні мен көлемі алуан түрлі таныс заттарды, көкөністерді, жемістерді мүсіндеу; қозғалыстағы адам мен жануардың пішінін жасау; түрлі пішіндегі жіңішке бауларды пайдалана отырып, ыдыс, сәнді пластиналар жасау;

- скульптуралық және конструктивтік мүсіндеу тәсілін меңгеру;

- заттардың пропорциясын сақтап, оларды өзара салыстырып, бейнеленген заттарды біріктіру;

- өз жұмысын үлгімен салыстыру;

- халық кәсіптік ойыншықтары туралы, халық шеберлерінің еңбегі туралы түсінікке ие болу;

- халық ойыншықтарының мотивтері бойынша образ жасау, айналадағы өмір тақырыбында, ертегілер мен әңгімелердің сюжеттері бойынша қиын емес сюжеттік композициялар жасау;

- ұжымдық жұмыстарды орындау;

- мүсіндеу, ермексаздарды, саз балшықты бөлу тәсілдерін іріктеуде өз бетінше әрекет ету;

- аспаптарды — жіңішке бау, үтіктегішті дұрыс пайдалану: атқаратын іс-әрекетіне қарай пайдалану, оларды дұрыс ұстау және олармен дұрыс әрекет жасау;

- еңбек мәдениеті ережелерін сақтау, жұмыс орнында тәртіп сақтау.

Жапсыру бойынша білімдік материалды игеру нәтижесінде жыл соңында балалар мыналарды *меңгеруі тиіс*:

- шаблондармен және трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу;

- өз жұмысын композиция, перспектива ережелеріне сәйкес құру; жұмыс тәсілдерін таңдау мен негіздеу; қайшыны дұрыс пайдалану; жұмыс материалдарын тиімді пайдалану;

- екі бүктелген қағаздан симметриялық пішіндерді кесіп алу;

- түрлі пішіндегі қағаздан халық өнерінің мотивтері бойынша геометриялық элементтерден ою жасау, түсінігі бойынша бірнеше бөлшектен заттар құрастыру;

- заттарды қазақ оюымен безендіру;

- халық қолөнері бұйымдарының негізгі элементтерін бейнелеу;

- жұлу тәсілінде жапсыруды орындау;

- Қазақстан табиғатын, адамдардың еңбегін көрсете отырып, ұжымдық композициялар жасау;

- пішініне, пропорциясына көлеміне және перспективасына қарай жады бойынша заттан бұйымдар бейнелеу (ойып алу, жапсыру және т.б.);

- өз жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру, жұмыс барысында тәртіп сақтау; еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.

Балаларды бейнелеу өнерімен салыстыру сурет салу, мүсіндеу, жапсыру бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде және басқа да режимдік кезеңдерде 5 минуттан өткізіледі.

Музыка бойынша білімдік материалды игеру нәтижесінде жыл соңында балалар мыналарды *меңгеруі тиіс*:

- қарапайым жанрларды ажырата білу (күй, ән, би, марш), оларға тән белгілерді атау;
- музыкалық шығарманың сипатын анықтау;
- музыкалық мәнерлеу құралдарын (қарқын, серпін, регистр), музыкалық шығарманың формасын (әннің бастамасы мен қайырмасы, кіріспе, қорытынды) көрсету;
- музыкалық кәсіптерді атау (музыкант, орындаушы, әнші, солист, дирижёр және т.б.), композиторлардың аты-жөні;
- қарапайым музыкалық терминдерді, ән салу дағдыларын игеру;
- музыкалық сүйемелдеу арқылы жақсы таныс әнді өз бетінше орындау, қиын емес әнді сүйемелдеусіз орындау;
- пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдар жасау, музыканың сипатына сәйкес қимылдау;
- кейбір музыкалық аспаптар туралы қарапайым түсініктерге ие болуы;
- балалардың музыкалық аспаптарын дыбыстау тембрі бойынша ажырата білу, олардың атын білу (дабыл, барабан, металлофон, ксилофон, үшбұрыш, маракас);
- балалардың музыкалық аспаптарында ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеру (металлофон, ксилофон, үшбұрыш, асатаяқ, тоқылдақ, жыланбас қоңырау, дабыл, маракас, румба және т.б.);
- музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін, ұзақтығын, тембрін ажырата білу;
- суырып салма ән салу қабілетіне (ұсынылған мәтінге арнап қарамақайшы сипаттағы әуендер шығару), өз бетінше тиісті қимылдарды іріктеу негізінде музыкалық-ойын образы қабілетіне, балалардың музыкалық аспаптарында (металлофон) суырып салма әуендер шығару қабілетіне ие болу;
- таныс би элементтерін құрамдастыру негізінде (немесе өзінің жеке элементтерін ойлап табу арқылы) би композицияларын шығару.

«ӘЛЕУМЕТТІК ОРТА» білім беру саласы (72 сағ)

Мақсаты: баланың бойында тұлғаның маңызды адамгершілік қасиеттерін, еңбек дағдыларын қалыптастыру, жалпы адамзатқа ортақ нормалар мен құндылықтарды, салт-дәстүрлер мен ережелерді білуін дамыту негізінде қоғамдық қатынастар жүйесіне енгізу үшін қажетті әлеуметтік-мәдени тәжірибені қалыптастыру.

«Әлеуметтік орта» білім беру саласының мазмұны ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттің келесі түрлерінде жүзеге асырылады:

- **қоршаған ортамен таныстыру және экология, 18 сағ.** («Қоршаған ортамен таныстыру» және «Экология» блогының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: бала, оның отбасы, үй; көлік, байланыс құралдары; жол қозғалысы

ережелері; ересектердің еңбегі; Қазақстан – менің Отаным, еліміздің рәміздері; Қазақстан Республикасының армиясы; адамгершілік нормалары туралы түсінік; мінез-құлық мәдениетінің дағдылары; ересектермен және құрдастарымен өзара әрекеттесу);

- **көркем әдебиет, 18 сағ.** («Көркем әдебиет» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: адам қатынастарының әлемі; эмоциялар әлемі);

- **өзін-өзі тану 36 сағ.** (бағдарламаны «Бөбек» ұлттық ғылыми-тәжірибелік, білім беру және сауықтыру орталығы әзірледі, Алматы 2005 ж.; 4 блокпен берілген: «Мен – адаммын», «Қарым-қатынас қуанышы», «Адамгершілік әліппесі», «Мен және менің әлемім».)

«Әлеуметтік орта» білім беру саласының **«Қоршаған ортамен таныстыру»** және **«Экология»** блогының материалдарын игеру нәтижесінде жыл соңында балалар:

- үй, отбасы туралы, отбасындағы өзара қатынастар мен туыстық байланыстар, шежіре туралы түсінікке ие болуы тиіс;

- өз аты-жөні мен жасын, мекен-жайын, тегін, ата-анасының аты-жөнін айта білуі тиіс;

- көлік құралдарын тануы, атай білуі және жіктей алуы тиіс;

- бағдаршамның үш сигналының мағынасын түсіне білуі, жол бөліктерін ажырата білуі және атай алуы тиіс;

- жол қозғалысының ережелері туралы түсінікке ие болуы, жол белгілерін білуі тиіс: «Тамақтану пункті», «Телефон», «Тұрақ орны», «Медициналық жәрдем пункті; байланыс құралдарын білуі тиіс;

- кейбір өнеркәсіптік, ауыл шаруашылық және басқа да кәсіптердің атауын, мазмұны мен мәнін білуі;

- кез келген зат көпшілік адамдардың еңбегімен жасалғанын түсіне білуі;

- өз елінің атын, оның бас қаласын, туған қаласын (ауылын), Қазақстанның ең үлкен қаласын білуі;

- өз елінің мемлекеттік рәміздерін атай білу және ажырата білуі, ҚР мемлекеттік гимнін орындау кезінде өзін ұстау ережелерін білуі;

- өзін-өзі құрметтеу және басқа адамдардың қадір-қасиетін құрметтеу сезіміне, өз ата-бабаларының және Отанымыздың қазіргі қаһармандарының ерліктері мен жетістіктерін мақтан тұту сезіміне ие болуы;

- армияның міндетін білуі, әскердің кейбір түрлерін ажырата білуі;

- тәжірибелік эксперимент жасауға қызығушылық және білімге құмарлық таныту;

- сынап көру әрекеттерінің көмегімен түрлі мәселелерді шешу тәсілдерін таба білу, қарапайым себеп-салдар байланыстарын орнату.

- адам қатынастарындағы «жақсы» немесе «жаман» деген немене;

- түрлі әлеуметтік жағдайларда тиімді шешімдер қабылдау; өз мінез-құлқы мен құрдастарының мінез-құлықтары туралы өз пікірін білдіруде нені айтуға болатынын және нені айту қажет екендігін түсіне білуі;

- жағымсыз сезімдер көрінісін білдірмеу, өкпені кешіре білу, әдеби кейіпкерлер мен адамдардың кемшіліктерін ғана емес, сондай-ақ артықшылықтарын да байқай білу;

- жасы үлкен кісілерге құрмет көрсету бойынша халық салт-дәстүріне негізделген адамгершілік мінез-құлық нормаларын сақтай білу;

- өз мінез-құлқы арқылы басқаларға кедергі жасамай, бірікен іс-әрекетке қосылу; басқа адамдардың пікірімен санаса білу, айналасындағы адамдардың эмоционалды күйінің өзгергенін байқай білу;

- жақын адамдарына, айналасындағы адамдарға қамқорлық көрсету, олардың жан дүниесін түсіне білу және төзімділік таныту, ересектермен бірге еңбек іс-әрекеттерін атқару;

- бір-біріне және айналасындағы ересек адамдарға риясыз көмектесу.

«Әлеуметтік орта» білім беру саласы бойынша білімдік материалды игеру нәтижесінде жыл соңында мектепке дейінгі ересек топтағы балалар мыналарды меңгеруі тиіс:

- үй туралы, отбасы туралы, отбасындағы өзара қарым-қатынастар және туыстық байланыстар туралы, шежіре туралы түсінікке ие болу; өзінің аты-жөні мен жасын, тегін, ата-анасының аты-жөнін атай білуі;

- өзіне жақын адамдарға, айналасындағы адамдарға қамқорлық көрсету, олардың жан-дүниесін түсіне білу және төзімділік таныту, ересектермен бірге еңбек іс-әрекеттерін атқару; бір-біріне және айналасындағы ересек адамдарға риясыз көмектесу;

- көлік құралдарын тануы, атай білуі және жіктей алуы; бағдаршамның үш сигналының мағынасын түсіне білуі, жол бөліктерін ажырата білуі және атай алуы; жол қозғалысының ережелері туралы түсінікке ие болуы, жол белгілерін білуі тиіс: «Тамақтану пункті», «Телефон», «Тұрақ орны», «Медициналық жәрдем пункті; байланыс құралдарын білуі;

- кейбір өнеркәсіптік, ауыл шаруашылық және басқа да кәсіптердің атауын, мазмұны мен мәнін білуі; кез келген зат көпшілік адамдардың еңбегімен жасалғанын түсіне білуі;

- өз елінің атын, оның бас қаласын, туған қаласын (ауылын), Қазақстанның ең үлкен қаласын білуі; өз елінің мемлекеттік рәміздерін атай білуі және ажырата білуі, ҚР мемлекеттік гимнін орындау кезінде өзін ұстау ережелерін білуі;

- армияның міндетін білуі, әскердің кейбір түрлерін ажырата білуі;

- жасы үлкен кісілерге құрмет көрсету бойынша халықтық салт-дәстүрге негізделген адамгершілік мінез-құлық нормаларын сақтау;

- ертегілер мен әдеби туынды кейіпкерлерінің мінез-құлықтарына баға бере білу, оларға деген өз қарым-қатынасын таныту; адам сезімдері мен өзара қарым-қатынастар әлемі туралы, әдеби кейіпкерлерді мысалға ала отырып, балалар мен ересектер қоғамындағы мінез-құлық мәдениеті туралы пайымдау;

- әдістемелік көркем туындыларды, картиналарды, скульптураны білу;

- адам қатынасындағы «жақсы» деген не және «жаман» деген не екенін білу; жағымсыз сезімдер көрінісін білдірмеу;

- түрлі әлеуметтік жағдайларда тиімді шешімдер қабылдау; өз мінез-құлқы мен құрдастарының мінез-құлықтары туралы өз пікірін білдіруде нені айтуға болатынын және нені айту қажет екендігін түсіне білуі;

- жасы үлкен кісілерге құрмет көрсету бойынша халық салт-дәстүріне негізделген адамгершілік мінез-құлық нормаларын сақтай білу;
- жақсы мінез-құлықтарға қуану, қанағаттану, моральдық нормалар бұзылған жағдайда күйзелу;
- қоршаған ортаға қатынасы бойынша өз әрекетін болжау;
- рухани және материалдық мәдениет нысандарына құрметпен қарау;
- экологиялық қауіпсіз мінез-құлықтар дағдыларын және адам денсаулығының қоршаған ортаның жағдайына және өз іс-әрекетіне байланысты екендігі туралы қарапайым түсініктерді игеруі;
- өзін-өзі құрметтеу және басқа адамдардың қадір-қасиетін құрметтеу сезіміне, өз ата-бабаларының және Отанымыздың қазіргі қаһармандарының ерліктері мен жетістіктерін мақтан тұту сезіміне ие болуы.

Баланы ойын іс-әрекетінде дамыту

Мақсаты: ойын іс-әрекеті барысында баланың әлеуметтік белсенділігі мен даралығын қалыптастыру және жетілдіру, балалардың ойын бірлестігін нығайту, өз әрекетін серіктерінің әрекеттерімен келістіре білуін дамыту, ойын іс-әрекетінде өз тәжіриесін, білімі мен икемділігін қолдану.

«Баланы ойын іс-әрекетінде дамыту» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: сюжеттік-рөлдік ойындар; драмаландыру ойындары; құрылыс материалдарымен ойындар; қимыл-қозғалыс ойындары, дидактикалық ойындар).

Ойын іс-әрекетінде балалар жыл соңында мыналарды меңгеруі тиіс:

- ойын тақырыбын өз бетінше таңдау, сюжетті дамыту; ұжымдық сюжеттік-рөлдік ойынға қатысуға ұмтылу; ойынға қатысушы барлық адамдарды ұйымдастырушы және атқарушы рөлін өзіне алу; таныс сюжеттерді драмаландыру; тәрбиешінің көмегімен театрландырылған ойындар, көріністер ұйымдастыру;
- сюжеттік-рөлдік ойындарда қоршаған ортаның шындық болмысын көрсету; ойын ережелерін айқын сақтау және оларды орындаудан қанағаттану;
- өзара әрекеттесудің жалпы ережелері негізінде біріккен дидактикалық ойындарға қатыса білу және ойындағы өз әрекеті мен құрдастарының әрекеттеріне баға беру;
- ойында берілген нәтижеге қол жеткізуге ұмтылу; ойындағы қимылдар логикасына сүйене білу; ұлттық ойын ережелерін, оған тән белгілерді және ұлттық мәдениетке қатыстылығын ажырата білу;
- ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде алынған конструктивті икемділіктерді қолдану, түрлі ғимараттардың суреттерін, фотосуреттерін пайдалану; дербес қимыл-қозғалыс ойындарын ұйымдастыру.

Баланы еңбек іс-әрекетінде дамыту

Мақсаты: мектепке дейінгі ересек топтағы балаларды еңбек әрекетіне баулу және оларды еңбек әрекетіне жүйелі қатысуын қамтамасыз ету, еңбектенуге ниеттену және еңбектену білуге тәрбиелеу.

«Баланы еңбек іс-әрекетінде дамыту» тарауының мазмұнына келесі бағыттар кіреді: өзіне-өзі іс-әрекет көрсету; шаруашылық-тұрмыстық еңбек; табиғаттағы еңбек; қол еңбегі).

Еңбек іс-әрекетінде балалар жыл соңында мыналарды меңгеруі тиіс:

- өзіне-өзі қызмет етуді көрсетудің қарапайым дағдыларын, тазалық пен тіртіп әдептерін игеруі; өзінің сырт келбетін қадағалауы және өзінің сырт келбетіндегі кейбір кемшіліктерді өз бетінше түзетуі; құрдасының киіміндегі, аяқ киіміндегі, сырт келбетіндегі кемшіліктерді түзету ниетін білдіру;

- оқу іс-әрекеті ұйымдастырған асхана бойынша, табиғат бұрышы бойынша кезекші міндетін адал орындау;

- үйде және мектепке дейінгі ұйымда тапсырмалар мен еңбек тапсырыстарын өз бетінше орындау; учаскені жинастыруда жасы үлкен кісілерге көмектесу;

- табиғат бұрышының жануарлары мен өсімдіктері туралы өз бетінше қамқорлық көрсету; сюжетті-рөлдік ойындар үшін ойыншықтар, ата-аналар, достар мен таныстар үшін сувенирлер жасау;

- табиғат бұрышында, учаскеде жұмыс істеу кезінде заттарды, аспаптарды қауіпсіз пайдалану ережелерін сақтау;

- тиімді әдістер мен тәсілдерді іріктеп алып, тапсырмаларды орындаудың қарапайым жолдарын жоспарлау.

БІЛІМ МАЗМҰНЫН ИГЕРУДІҢ ЖОСПАРЛАНҒАН НӘТИЖЕЛЕРІ

Білім мазмұнын жүзеге асыру негізгі салалар бойынша жұмыс атқаруды қарастырады: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта», олардың әрқайсысы өзіндік мақсатты бағытқа ие дербес тараулардан құралады.

Басты құзыреттіліктерге ие, ересектер және құрдастарымен қарым-қатынас және ынтымақтастық жасай білетін, дене шынықтыру мен салауатты өмір салтының негіздерін меңгерген, мектепте оқуға дайын тұлға мектепке дейінгі ересек топтағы баланы дамыту мен тәрбиелеу *нәтижесі* болып табылады.

Күтілетін нәтиже:

- сыртқы ортамен өзара әрекеттесуге бейімделген, мектепте оқу үшін дайындалған барлық қалыптасушы қасиеттер мен икемділіктердің жиынтығын өз бойына жинай білген бала тұлғасын қалыптастыру;

- осы үлгілік әдістеме мектепке дейінгі жастағы балалардың оқу іс-әрекеттеріне қолжетімділігін кеңейтуге; мектепке дейінгі ұйымдардың қолда бар ресурстарын тиімді пайдалануға; мектепке дейінгі білім беруде қосымша білім беру алаңдарын ашу үшін жағдай жасауға ықпал ететін болады;

- толық күн болатын шағын орталықтарда балаларды дамыту әдістемесі мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері, тәрбиешілері, сондай-ақ мектепке дейінгі балалардың ата-аналары тарапынан қажетті құрал болып табылады.

МАЗМҰНДЫҚ БӨЛІМДІ ИГЕРУ БОЙЫНША АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

Жұмыстың мақсаты: ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның жұмысына тарту, баланы тәрбиелеу мен дамыту барысында олармен өзара әрекеттесудің түрлі стратегияларын құру, отбасылық тәрбиені жүзеге асыруда психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

Міндеттері:

- ата-аналарға педагогикалық білім беру, олардың педагогикалық мәдениеттерін арттыру, ата-аналық дағдыларды қалыптастыру;
- отбасымен жұмыс істеудің неғұрлым тиімді формаларын іздестіру мен енгізу арқылы ата-аналарды балабақша өміріне баулу;
- педагогтар мен ата-аналардың тиімді әріптестігін құру, олардың мектепке дейінгі ұйым іс-әрекетіне белсенді қатысуы;
- өз баласын тәрбиелеу, білім беру және дамыту саласында ата-аналардың қажеттіліктерін айқындау;
- үздік отбасылық тәрбие тәжірибесін зерделеу, жалпылау мен тарату.

Ата-аналармен жұмыс істеу формалары

Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру үшін мыналар ұсынылады:

- өзара әрекеттесудің ұжымдық және жеке формаларын пайдалану (дөңгелек үстелдер, іскерлік ойындар, ата-аналар конференциясы, консультациялар, педагогикалық кеңестер, ата-аналар жиналысы (жалпы және топтық), ауызша журналдар, ата-аналар клубы және т.б.);
- көрнекі үгіттеу жүйесі арқылы педагогикалық білімді насихаттау;

Ата-аналарға отбасылық оқу жөніндегі әдебиетке бағдарлануына көмектесу;

- отбасыны зерттеу бойынша диагностикалық жұмыс атқару;
- отбасылық тәрбиеге халықтық педагогика дәстүрлерін енгізу;
- педагогтар мен ата-аналардың біріккен іс-шаралары арқылы отбасындағы қалыпты қатынастарды дамытуға жағдай жасау;
- мамандардан (психолог, логопед, қосымша білім беру педагогы және т.б.) жеке кеңес алуын қамтамасыз ету;

- ата-аналардың мектепке дейінгі ұйым өмірін ұйымдастыруға қатысу аясын кеңейту, олардың шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасау;

- ата-аналармен-әкелермен, ата және әжелермен ынтымақтасудың алуан түрлі формаларын пайдалану. Оларды беделін арттыруға бағытталған, балалармен бірге атқарылатын шығармашылық, әлеуметтік маңызды біріккен іс-әрекетке баулу;

- үздік отбасылық тәрбие тәжірибесін қорыту, оны фотогазет, ұжымдық жұмыстар, фотомонтаж түрінде ұсыну.

Ағылшын тілі (36 сағ)

(Ағылшын тілінен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне арналған сағат
Үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлігінен алынды)

Рет №	Тақырыбы	ҰОІӘ саны
1	Қазақстанның және Ұлыбританияның туымен таныстыру	1
2	Сәлемдесу, танысу	2
3	Менің балабақшам Ойыншықтар	3
4	Менің отбасым	2
5	Түстер	2
6	Үй жануарлары	2
7	Жабайы жануарлар	2
8	Менің үйім	2
9	Ыдыс	2
10	Тамақ	2
11	Киім	2
12	Дене мүшелері	2
13	Көкөністер, жемістер	2
14	Мерекелер	2
15	Жыл мезгілдері	2
16	Менің Отаным – Қазақстан	2
17	Спорт	2
18	Қайталау. Ойындар. Ертегілерді сахналандыру.	2

Ағылшын тілінен материалды игеру нәтижесінде, жыл соңына қарай балалар мыналарды меңгеруі тиіс:

- дыбысталған сөзді естіп түсіну; ағылшын сөздерін жалпы сөз ағымында мүшелей алу; ағылшын тілінің дыбыстары туралы түсінікке ие болу;
- ағылшын тілінің кейбір арнайы дыбыстарын айту;
- өз ойын ағылшын тілінде айта білу;
- ағылшын тіліндегі сөздерді меңгеруде психологиялық кедергілерді жеңе білу;
- Англияда қабылданған сәлемдесу фразаларын (сәлемдесу, қоштасу) және этикетін білу;
- тілін үйреніп отырған елдің атауын, кейбір көңіл бөлерлік орындарын, мемлекеттік рәміздерін білу;
- тілін үйреніп отырған елдің мәдениеті, салт-дәстүрлері туралы түсінікке ие болу;
- әлдебір тілдік бірліктің құрылуын білу (фраза); белгілі бір лексикалық қорға ие болу; ағылшын тақпақтарын, ертегілерін, ойындарын білуі;
- келесі сұрақтарға жауап бере білу:
What is your name? – Сенің атың кім?

How old are you? – Жасың нешеде?

What is it? – Бұл не?

Whose toy is it? – Бұл қандай ойыншық?

What colour is it? – Түсі қандай?

What season it is now? – Қазір жылдың қай мезгілі?

Whose is this toy? – Бұл кімнің ойыншығы?

Do you have a sister? – Сенің қарындасың бар ма?

Do you like you father? – Сен өз әкеңді жақсы көресің бе?

What can you see in the bedroom? – Сен жатын бөлмеден нені көре аласың?

What is your favorite fruit? – Қандай жемісті жақсы көресің?

- заттар мен табиғат құбылыстарының атын атау;

- ағылшын тілінде тыңдай білу және дұрыс айта білу, сөз бен фразаны қайталап айту; фразаны тыңдау және аяқтау;

- тыңдау және естуге вербальды емес мән беру (қол соғу, қолды, картинканы, затты көтеру, эмоционалды мән беру).

Ересектер тобындағы «Өзін-өзі тану» бойынша білім беру мазмұны

№	Мазмұны		Сағат саны
Мен – Адаммын			8 сағат
1	«Өзін-өз» тану» еліне саяхат.	Танысу сабағы. «Өзін-өзі тану» пәнімен танысу.	1 сағат
2	Адам бола біл.	«Саламатсыз ба» - тамаша сөзі.	1 сағат
3	Қыздар мен балалар.	Балалар мен қыздарға тән қасиеттер.	1 сағат
4	Менің атым.	Адамның аты. Толық аты. Адам атының құндылығы.	1 сағат
5	Менің туған күнім.	Туған күн – ең сүйікті мереке.	1 сағат
6	Менің сезімдерім.	Сезімдердің алуан түрлілігі. Эмоционалды күйлерді тану.	1 сағат
7	Қайырымды істер.	Ізгі ниеттер. Жақсы әрі пайдалы істер.	1 сағат
8	Мен осындай адаммын.	Қорытынды сабақ.	1 сағат
Қарым-қатынас қуанышы			8 сағат
9	Туыстар мен жақын адамдар.	Туыстар мен ең жақын адамдардың жылуы.	1 сағат
10	Отбасылық мерекелер.	Біз отбасылық мерекелерді қалай атап өтеміз.	1 сағат
11	Отбасы әлемі.	Адам үшін отбасының маңызы, қажеттілігі.	1 сағат
12	Достық неден басталады?	«Достар» сөзінің мағынасы.	1 сағат
13	Сенімді достар.	«Біз жақсы достармыз» қуаныш ортасы.	1 сағат
14	Дос әрқашан көмектеседі.	Достардың көмегі.	1 сағат
15	Менің кішкентай достарым.	Жануарларға деген сүйіспеншілік және табиғатқа деген аялы қарым-қатынас.	1 сағат
16	Достар планетасы.	Достар планетасына саяхат.	1 сағат
Адамгершілік әліппесі			8 сағат
17	Бәрі де сәлемдесуден басталады.	Сәлемдесу – бұл өз сезімін ізгі сөздермен білдіру.	1 сағат
18	Қайырымды іс-әрекеттер.	Қайырымды іс-әрекеттер жасау нәтижесін маңызды.	1 сағат
19	Түсіну мен кешіре білуді үйренеміз.	Өкпені кешіру оңай емес. Ұрысу – бұл өте көңілсіз.	1 сағат
20	Бәрі де түсіністіктен басталады.	Бір-бірін түсіну деген не?	1 сағат
21	Қонақ – біздің үйдің қуанышы.	Қонақтарды күтіп аламыз. Сыпайы сәлемдесу сөздері.	1 сағат
22	Мен - көмекшімін.	Сүйікті үй жұмыстары.	1 сағат

23	Әділ болу.	Әділ болу неліктен маңызды.	1 сағат
24	Мен – өз елімнің кішкентай азаматымын.	Біз - қазақстандықтармыз!	1 сағат
Мен және менің әлемім			10 сағат
25	Туған үйім.	Адам үшін туған үйдің маңызы.	1 сағат
26	Менің сүйікті балабақшам.	Балабақшада нені үйренеміз.	1 сағат
27	Табиғат - Ана.	Табиғатқа қамқор қатынасты қалай білдіру керек.	1 сағат
28	Табиғат пен денсаулық.	Күн, ауа мен су – біздің ең жақсы достарымыз!	1 сағат
29	Адам және табиғат.	Тамаша сыйлары үшін табиғатқа ризамыз.	1 сағат
30	«Наурыз» - жаңару мейрамы	Мерекелер тарихы мен салт-дәстүрлері туралы.	1 сағат
31	Туған елім - Қазақстан.	Қазақстан – біздің Отанымыз!	1 сағат
32	Өзін-өзі танудың жарқын жолы.	Өзін-өзі тану — сүйіспеншілік пен қайырымдылық жолы.	1 сағат
33	Жалпылама сабақ.	Өтілген материалды бекіту.	1 сағат
34-36	Өтілген тақырыптарды қайталау.	Қайталау. Ізгі ниеттер.	3 сағат
Барлығы:			36 сағат

Өзін-өзі тану бойынша білімдік материалды игеру нәтижесінде жыл соңында мектепке дейінгі ересек топтағы балалар мыналарды *меңгеруі тиіс*:

- өзінің бірегей «Менін» және аты-жөні мен әлеуметтік жыныстық рөлі арасындағы байланысты тану; адам бойындағы ең басты нәрсе – бұл оның тұлғасы екенін білу және түсіну; адам жасампаздық, шығармашылық, бақыт, сүйіспеншілік және өмірде қуанышқа бөлену үшін жаралған; адам қасиеттері туралы түсінікке ие болу: қайырымдылық, сүйіспеншілік, сыпайылық, әділдік;

- «жақсы» деген немене «жаман» деген не екенін түсіну, жақсы және жаман мінез-құлықтарды ажырата білу;

- қайырымдылық, эмоционалды ілтипаттылық, жасы үлкен кісілерге құрмет көрсете білу; достарға қарапайым қайырымдылық таныту және қолдан келген көмек көрсету; басқаларға қуаныш сыйлау, жаны ашу;

- Отанға деген патриоттық сезім және интернационалдық сезімдер таныту; қарама-қарсы жыныс өкіліне құрмет көрсету; айнала қоршаған табиғатқа аялы қатынасу жасау қажеттілігін түсіну;

- салауатты өмір салты жайлы қарапайым білімдерге, дағдыларға ие болу;

- жақсы және жаман сөздерді, мінез-құлықтарды ажырата білу; үйдегі, балабақшадағы және қоғамдық орындардағы мінез-құлықтардың жалпы қабылданған нормалары мен ережелерін сақтауға тырысу;

- сурет салу, мүсіндеу, құрастыру арқылы өз көңіл-күйін білдіру.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан -2050 стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы.
2. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» заңы.
3. 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты.
4. 2020 жылға дейін жалғастырылған «Балапан» балаларды мектепке дейін тәрбиелеу және оқытумен қамтамасыз ету бағдарламасы.
5. «Зерек бала» Мектепке дейінгі үлкен жастағы балаларды (3 жастан 5 жасқа дейін) тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасы. Астана, «Мектепке дейінгі балалық шақ» РО, 2009 ж.
6. «Біз мектепке барамыз» Мектепке дейінгі үлкен жастағы балаларды (5 жастан 6 жасқа дейін) тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасы. Астана, «Мектепке дейінгі балалық шақ» РО, 2009 ж.
7. 1 жастан 5 (6) жасқа дейінгі балаларды балаларды мектепке дейін тәрбиелеу және оқытуға арналған үлгілік оқу жоспарлары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 5576 бұйрығына 1 қосымша.
8. «Зерек бала» Мектепке дейінгі үлкен жастағы балаларды (3 жастан 5 жасқа дейін) тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасына әдістемелік ұсынымдар. Астана, «Мектепке дейінгі балалық шақ» РО, 2009 ж.
9. «Біз мектепке барамыз» Мектепке дейінгі үлкен жастағы балаларды (5 жастан 6 жасқа дейін) тәрбиелеу мен оқыту Бағдарламасына әдістемелік ұсынымдар. Астана, «Мектепке дейінгі балалық шақ» РО, 2009 ж.
10. «Біз мектепке барамыз» Мектепке дейінгі үлкен жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту Бағдарламасына әдістемелік нұсқаулар. Астана, «Арман-ПВ» баспасы, 2011ж.
11. «Өзін-өзі тану» бағдарламасы (мектепалды топтары үшін). Алматы, «Бөбек», 2005 ж.
12. *Белкина В. Н., Искатова Т. Г.* Диагностика педагогического регулирования взаимодействия детей раннего и дошкольного возраста. «Детский сад от «А до Я», 2006 г., №2.
13. *Гризик Т. И., Аймагамбетова К. А., Майкова Г. Ж.* «Познаю мир»: Метод. рекомендации для воспитателей. Алматы: Просвещение-Казахстан, 2007 г.
14. *Грибовская А. А., Левченко Т. А.* «Народное искусство и детское творчество»: Метод. пособие для воспитателей. Алматы: Просвещение-Казахстан, 2007 г.
15. *Давидчук А. Н.* Индивидуально-ориентированное обучение младшего дошкольника. М.: 2000 г.
16. *Жаменова К.Х.* Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу маңызы. «12 жылдық білім беру». 2006 ж., № 7.

МАЗМҰНЫ

Түсініктеме жазба	3
Жалпы ережелер	5
3 жастан бастап 4 жасқа дейінгі балаларға арналған жұмыс жоспары	8
4 жастан бастап 5 жасқа дейінгі балаларға арналған жұмыс жоспары	16
5 жастан бастап 6 жасқа дейінгі балаларға арналған жұмыс жоспары	26
Білім мазмұнын игерудің жоспарланған нәтижелері.....	42
Мазмұндық бөлімді игеру бойынша ата-аналармен жұмыс істеу	43
Әдебиеттер.....	44
Қосымша.....	46